



## ҰМЫТЫЛМАС ЕРЛІККЕ – МӘҢГІ ТАҒЫМ!

### Құрметті әріптестер!

Судьялар Одағы атынан сіздерді Отан қорғаушылар күні және Ұлы Жеңіс мейрамымен құттықтаймын!

Біздің әкелеріміз бен аталарымыз өздерінің теңдесі жоқ батырлығын, ерлігі мен отансүйгіштігін танытып, адамзат тарихындағы ең қанды қырғын ұрысты тоқтатқанына – қасиетті Ұлы Жеңіс күніне биыл 78 жыл.

Осы киелі күнді біз әрдайым туған жерінің бостандығы мен тәуелсіздігі үшін күрескендерді ризашылықпен, үлкен мақтанышпен қарсы аламыз. Біздің ардақты соғыс ардагерлері мен тыл еңбекшілері мұз қатқан жерлерде жас күндерін қалдырып, өз бастарын бәйгеге тігіп, қасық қандары қалғанша ұрыс даласында күресті. «Отан үшін отқа тұс, күймейсің», деді аты аңызға айналған батырымыз Бауыржан Момышұлы.

Сол үрейлі уақыт туралы естеліктер әлі күнге дейін әр шаңырақта, әр отбасында және әр жүректе сақтаулы. Қазақстан фашистік Германияны жеңуге өлшеусіз үлес қосты. Біздің еліміздің аумағынан 1941-45 жылдары 1,7 миллионнан астам адам соғысқа аттанды. Жүз мыңдаған қазақстандықтар майданға өздері сұранып барды.

Сұрапыл соғыс жылдарында қазақ жерінде 12 атқыштар, 4 атты әскер дивизиясы, 7 бригада, 50 полк құрылды. От жалыны шарпыған ұрыс даласында Ұлы Жеңіске қол жеткізу жолында 601 939 қазақстандық қаза тапты.

Уақыттың керуен көші қанша ұза-са да, біз тарихтан өшпейтін, ерлік туралы осы естеліктерді жадымызда сақтап, Жеңіс үшін өмірлерін қиып, денсаулықтарын жоғалтқан әкелеріміз бен аталарымыздың, ардагерлеріміздің есімдерін құрмет тұтып, асқан ықыласпен есте сақтауға тырысамыз. Олардың ұлы ерліктері біздің кеудемізде мақтаныш сезімін кернетіп, Отан алдындағы борышымызды, жауапкершілігімізді арттыра түседі.

Жеңімпаздардың ұмытылмас ерліктеріне мәңгі тағзым!

Ұлы Жеңіс күні және Отан қорғаушылар күні секілді қасиетті мерекелер әкелері мен аталарының даңқты дәстүрлерін жалғастыратын жас ұрпақтар үшін отаншылдық ұғымы бүгінгі таңда айрықша мән-мағынаға ие.

Сіздерді халқымыздың баға жетпес айтулы мерекелерімен құттықтай отырып, Отанымызда бейбітшілік салтанат құрып, аспанымыздың әрдайым ашық болуын тілеймін!

**Сәкен АБДОЛЛА,**  
Қазақстан Республикасы  
Судьялар одағының төрағасы



(Соңы 3-бетте)

## БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

# ОТАН ҚОРҒАУШЫ – МЕМЛЕКЕТ АЙБЫНЫ



2001 жылғы «ҚР Мерекелер туралы» заң бойынша 7 мамыр – Отан қорғаушылар күні, 9 мамыр – Жеңіс күні. Яғни, олар еліміздегі 9 мемлекеттік мерекенің тізімінде тұр. Заңның 1-бабында мемлекеттік мерекелерге – «қоғамдық-саяси маңызы бар оқиғаларға арналған, сондай-ақ, Қазақстан азаматтары дәстүрлі түрде атап өтетін мерекелер. Мемлекеттік мерекелерді мейрамдау кезінде ресми іс-шаралар өткізілуі мүмкін» деген анықтама берілген.

## АССАМБЛЕЯ

# БІРЛІГІМІЗДІ НЫҒАЙТАТЫН БІРЕГЕЙ ҚҰРЫЛЫМ

Қоғамда қажеттігіне қатысты күмәнді пікірлер тудырып жүрген Қазақстан халқы Ассамблеясы жойылмайды. Керісінше, ұлттар татулығы мен бірлігіне қызмет етіп отырған бұл бірегей ұйым жан-жақты қырынан жаңғыртылып, дамытылады. Бұл қазір дүниежүзі күрделі кезеңді бастан өткеріп, жаһандық деңгейде пайда болған жаңа сын-қатерлердің бетін қайтару үшін қажет. Яғни, осындай кезеңде ел бірлігі ең басты құндылық болу керек. Сонда ғана болашағымыз баянды болады.

Татулық пен келісім тек мемлекеттік саясатта емес, қоғамда, үйде, ұжымда, жалпы, барлық жерде дәріптелуі қажет. Бұл жалаң ұран емес, әр азаматтың күнделікті ұстанымы болуы керек. Ал, Ассамблея осынау қасиетті де киелі ұғымды халықтар санасына сіңірудің бірегей мүмкіндігі. Бұл жөнінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқы Ассамблеясының «Әділетті Қазақстан: бірлік, тұрақтылық, даму» атты XXXII сессиясында мәлімдеді. Президенттің айтуынша, Ассамблея – мемлекеттілігіміздің іргесін бекітіп тұрған басты институт. Бірлігімізді нығайтуға қызмет ететін бірегей құрылым. Ассамблея қасиетті

қазақ жерін мекен еткен барша этносты ұйыстырып отыр. Онда еңбек етіп жүрген азаматтарды бірліктің елшісі деуге болады.

Ассамблея сонымен қатар, еліміздің саяси жүйесінің аса маңызды бөлігі. Ұйым бүгінде жалпыұлттық маңызы бар жобаларды жүзеге асырып жатыр. Оның бәрі барша халқымызға ортақ рухани құндылықтарды нығайтуға арналған. Мәселен, Ассамблея ұйытқы болып отырған волонтерлік және қайырымдылық шаралары ел арасында тілеулістік, жанашырлық, қамқорлық сияқты қасиеттерді дәріптеуде. Соның арқасында қоғамда әлеуметтік жауапкершілік идеясы орныға түсті. Ассамблея медиация

институтын дамытуға да үлес қосып келеді. Жастармен тығыз жұмысқа да ат салысуда.

Ассамблея елімізді саяси тұрғыда жаңғыртуда да маңызды рөл атқарып отыр. Бүгінде ұйымның Парламенттегі өкілдігінің жаңа тетіктері пайда болды. Бұл озық халықаралық тәжірибеге толық сай келеді. Енді Ассамблеяның ұсынысы бойынша Президент тағайындайтын Сенаттың бес депутаты кері байланысты, қоғамдық бақылауды заңнамалық деңгейде жүзеге асырады және Қазақстандағы барлық этностың мүддесін Парламентте қорғайды. Бұған қоса Ассамблеяның 12 мүшесі Ұлттық құрылтайдың құрамына кірді. Олар жалпыұлттық диалогтың әмбебап моделін ілгерілету жөніндегі Құрылтайдың жұмысына өлшеусіз үлес қосып келеді. Дәл осы үлгімен саяси бағдардың жаңа жүйесінде дамуға жол ашылып, жасампаздыққа негізделген үйлесімді этносаралық қатынастар жаңаша қалыптасады. Азаматтардың бірлігін, жалпы ұлттық бірегейлікті және еліміздің этноәлеуметтік тұтастығын нығайту жөніндегі іргелі, тіпті қасиетті деп айтуға болатын міндеттерді жүзеге асырмайынша, мемлекеттің бірде-бір стратегиялық міндетінің орындалуы мүмкін емес екенін естен шығармау керек. Мұны айтқан Президент бұл ретте бірнеше басымдықтарды айқындап берді.

Оның алғашқысы, бірлігіміз бен татулығымызға сына қарқысы келетін кез келген арандатушылық әрекетке батыл түрде тосқауыл қою қажеттігіне бағытталды. Бұл орайда Тоқаев


қоғамда түрлі жалған ақпарат немесе фейктер мен деструктивті жарияланымдар айтарлықтай көбейгенін, оның көбінің авторлары біздің қоғамға іріткі салғысы келетін шетелдіктер екеніне назар аударды. Президенттің айтуынша, олардың сөзі мен әрекеті адамдар арасындағы сенімге селкеу түсіріп, алауыздықты қоздыруға, мемлекеттік қауіпсіздікке нұқсан келтіруге бағытталған. Сондықтан жауапкершілігі бар азамат ретінде қазақстандықтар радикализм, экстремизм және сепаратизмнің кез келген түріне қарсы тұруы тиіс. Әрбір этнос өкілі ел азаматы ретінде өз болашағын Қазақстанмен тығыз байланыстыруы керек. Сонда ғана халқымыз біртұтас ел болып тұра алады. Мемлекет заң аясында этносаралық қарым-қатынас, тіл және әлеуметтік мәселелерге қатысты барлық арандатушылық әрекеттің жолын кеседі. Бас прокуратура, Ішкі істер министрлігі және Ұлттық қауіпсіздік комитеті бұл мәселені айрықша бақылауда ұстайды және заңға сай әрекет етеді.

Екінші басымдық ретінде этноәлеуметтік шиеленістің шығу себептерін жою үшін нақты шаралар қабылдау қажеттігі айтылды. Бұл орайда томаға-тұйық тіршілік ететін этникалық аудандар мен кварталдардың пайда болуына жол бермеу үшін жасалған жұмыс жоспарының сапалы әрі уақытылы орындалуын қамтамасыз ету қажеттігі атап көрсетілді. Мемлекет басшысының айтуынша, бұл өте шетін жұмыс екені ескеріліп, қажетті ресурстармен қамтамасыз етілуі қажет.

(Соңы 3-бетте)

# ЕР ЕСІМІ - ЕЛ ЕСІНДЕ!

9 мамыр – Жеңіс күні күлді қазақ жұрты үшін қастерлі күн! Себебі, қазақ даласында Екінші дүниежүзілік соғыстың өрті шарпымаған шаңырақ азы. Осы сұрапыл соғыс жылдары от пен оқтың ортасында жүріп, көптеген жерлестеріміз «Отанды қорғау» деген ұлы ұғым үшін жан аямай шайқасты. Сондай батырлардың бірегейі, Ұлы Отан соғысының ардагері, Сталинград шайқасына қатысқан, 1 және 2 дәрежелі Отан соғысы ордендерінің иегері, ҚР ҰҒА академигі, заң ғылымдарының докторы, профессор – Әбдуәлі Еренұлы Еренов!



Қазақстанның заң ғылымы биыл 30 қыркүйекте академик Еренов Әбдуәлі Еренұлының 100 жылдығын атап өтеді. Ә. Еренов – кеңестік және қазақ заң ғылымының дамуына зор үлес қосқан тұлға. Қазақстандағы аграрлық құқық, жер құқығы мен экологиялық құқық ғылымдарының негізін қалаушылардың бірі. Ғылыми зерттеулері жер қатынастарының тарихына, Қазақстандағы табиғатты құқықтық қорғауға, экологияға, нарықтық экономика жағдайындағы ауыл шаруашылығының аспектілеріне арналған.

Академик Әбдуәлі Еренұлы ҚР Ұлттық Ғылым академиясының Мемлекет және құқық институтын ұйымдастырушылардың бірі. Ә.Еренов Қазақстанның экологиялық, аграрлық және жер құқығы саласындағы іргелі зерттеулерін жүргізген ғалым.

Ғалым қазақ қоғамындағы жер қатынастарының тарихы бойынша бірнеше ғылыми еңбектер жазып, көптеген ғылыми пікірталастарға белсене қатысты, өз тұжырымдамасымен талай мінбелерде баяндама жасады. Оның көтерген мәселелері, ұсынған шешімдері, біздің ойымызша, бүгінгі күнге дейін өзінің өзектілігін жойған жоқ және қазіргі уақытта да жас ғалымдарды қызықтырады. Ол кісі менің жадыма қарапайым да, жайдарлы қалпында қалды. Ұстаз үнемі шәкірттері мен жас ғалымдардың тәлім-тәрбиесіне көп көңіл бөлетін, ақыл-кеңестерімен бөлісетін ғалым, ерен тұлға еді. Әбдуәлі Еренұлы кең пейіл, зейінді, парасатты кейпінде жадымызда мәңгі сақталып қалды.

Ә.Еренов 1923 жылы 30 қыркүйекте Түркістан қаласында дүниеге келген. Сталинград шайқасы кезінде оң қолынан айырылып, әскерден босатылды. Әбдуәлі Еренұлы майданнан оралғанда жасы небәрі 19-ға толған еді. Алғашында «қалай өмір сүретінімді, не істерімді білмей қалған кезім болды» деуші еді. Бала кезінде инженер болуды армандапты.

Бірақ өмірді жаңадан бастауға күш тауып, Ташкент мемлекеттік заң институтына оқуға түсіп, оны 1949 жылы бітіріп шығады. Әбдуәлі Еренұлы институтты бітірген соң Мәскеуге барып, КСРО Ғылым академиясы жанындағы Құқық институтының аспирантурасына түседі. 1952 жылы Мәскеуде КСРО Ғылым академиясы Құқық институтында Әбдуәлі Еренұлы «Кеңестік Социалистік мемлекет дамуының бірінші кезеңіндегі Қазақстандағы жер-су заңнамасы» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғады.

Әбдуәлі Еренұлы бұдан кейінгі уақыттарда да үздіксіз ізденіс үстінде болды. Ол 1963 жылы Алматыда Қазақ КСР Ғылым академиясының Философия және құқық институтында «Қазақ КСР-індегі социалистік жер қатынастарының пайда болуы мен дамуы» тақырыбында докторлық диссертация қорғады. 1965 жылы профессор атанып, 1967 жылы Қазақ КСР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі болды. Ұзақ жылдарғы еңбегі зая кетпеді. Ғалым Қазақ КСР Ғылымының еңбек сіңірген қайраткері атағын алып, 1985 жылы «Табиғи ресурстарды тиімді пайдалану мен қорғауды құқықтық қамтамасыз етудің теориялық мәселелері» тақырыбындағы еңбегі үшін Қазақ КСР Ғылым академиясының Ш. Уәлиханов атындағы сыйлыққа ие болды.

1958–1985 жылдары – ҚазКСР ҒА Философия және құқық институтында аға ғылыми қызметкер, бөлім меңгерушісі, бас ғылыми қызметкер; 1985–1995 жылдары – Аграрлық-құқықтық ғылымдар бөлімінің меңгерушісіне көтерілді.

1995–2004 жылдары – ҚР ҰҒА Мемлекет және құқық институтының, КАЗГЮУ Мемлекет және құқық институтының Азаматтық-құқықтық қатынастар және экология бөлімінің бас ғылыми қызметкері атанды.

І және ІІ дәрежелі Отан соғысы ордендерінің және «Құрмет белгісі» орденінің иегері Академик Әбдуәлі Еренов 2004 жылы 27 қыркүйекте Алматы қаласында қайтыс болды. Ғалымның артында өлшеусіз мұра қалды. Оларды тізіп жазар болсақ аққағаз тарлық етеді.

Академик Ә. Ереновтің ғылыми еңбектерінде көтерілген мәселелер мен олар-

дың шешу жолдары әлі күнге дейін өзінің өзектілігін жойған жоқ. Мысалы, Әбдуәлі Еренұлы өзінің «Черки по истории феодально-земельных отношений у казахов» атты монографиясында «қазақ көшпелілердің феодалды қатынастарының негізіндегі жер қатынасы туралы мәселелер әлі күнге дейін шешілмеген деп баяндайды. Феодалды жер қатынастарының мәселелері тек Қазақстанда ғана емес, басқа елдерде де пікірталастық сипатқа ие», – деген тұжырым жасайды. «Феодалды қоғамдағы және көшпелі шаруашылықтардағы жеке жер қатынасы өндірістік қатынастардың жүйесінде анықтаушы орынға ие. Феодалды өндіріс тәсілдеріне феодалдардың ірі монополиялық жер қатынасы тиесілі. Осы қатынас түрі қауымдық меншік нысанына қарама-қарсы болатын иерархиялық жер иелену нысанын белгілейді. Ауыл қауымдастығының мүшелері – шаруалар өзінің жеке мал шаруашылығына ие болатын, дегенмен жайылымдардың меншік иелері бола алмайтын. Феодализм тұсында қауым мүшелері өз қоныстарына өзі билік етсе, онда қауымдарға көшпелі аристократия әсері тарағаннан кейін олар феодад аксүйектерінің бұйрығы бойынша жерді пайдаланатын болды. Қауым мүшелері жерді иелену функцияларын жоғалтқаннан кейін және малға жеке меншікті сақтағанда олар жер меншіктеріне монополия орнатқан тұлғаларға тәуелді болып қалды» – деп жазған болатын.

Академиктің «Возникновение и развитие социалистических земельных правоотношений в Казахской ССР» атты монографиясы еліміздегі жер қатынастарының пайда болуы мен дамуының өзекті мәселелеріне арналған.

Ә.Еренов өзінің әріптестері Н.Мухитдинов пен Л.Ильшенкомен бірге жазған «Предмет и система советского земельного права» атты монографияда қолданыстағы заңнама мен оны қолдану тәжірибесі негізінде кеңестік жер құқығының поніні, жүйесі мен принциптерін жан-жақты қарастырды. Монографияда жер құқығымен реттелетін қоғамдық қатынастардың ерекшеліктері ашылып, кеңестік жер құқығының, оқу пәні мен ғылымының дербес саласы ретіндегі жер құқығы жүйесінің принциптері мен ұғымдарына терең талдау жасалады, жер құқығының басқа құқық салаларымен арақатынасы анықталады. Авторлар жер құқығын және онымен тығыз байланысты салаларды (тау-кен, орман және су құқығы) құқықтық жүйедегі дербес топ – аграрлық құқықтық цикл салаларының отбасы ретінде қарастыру мүмкіндігі туралы идеяны негіздеді. Сонымен қатар, жер заңнамасын және оны қолдану практикасын жақсартуға бағытталған нақты теориялық және практикалық ұсыныстар енгізеді.

Академик Ә.Ереновтің шығармашылық мұрасының елеулі бөлігі өткен ғасырға тиесілі болғанымен қазіргі кезеңде де өзектілігін жойған жоқ. Ә.Ереновтің іргелі еңбектері еліміздің заң ғылымының алтын қорын құрайды. Оларға Ресейдегі және басқа да ТМД елдеріндегі белгілі ғалымдар жиі сілтеме жасайды. Ғалымның еңбектері Қазақстанның экологиялық, аграрлық және жер құқығының дамуына айтарлықтай әсер етті.

Ә.Еренов аға және кіші ұрпақтың сабақтастығын қамтамасыз етуді ғылымды дамытудың міндетті шарттарының бірі деп санады. Ол көп уақытын жоғары білікті кадрларды даярлауға арнады. Оның басшылығымен 20-дан астам адам докторлық және кандидаттық диссертациялар қорғады. Ол өзінің ғылыми мектебін құрды. Мен қазақстандық заң ғылымының классигі – Ұлы Отан соғысының ардагері, ҚР ҰҒА-ның академигі, заң ғылымдарының докторы, профессор А. Ереновтің шәкірті болған тағдырыма ризамын.

**Қ. ҚУАНДЫҚОВ,**  
**әл-Фараби атындағы ҚазҰУ**  
**«Кеден, қаржы және экологиялық құқық» кафедрасының қауымдастырылған профессоры, заң ғылымдарының кандидаты**

Ұлы Отан соғысында от кешіп, жаудың шебін бұзып, ерлік жасап, 1945 жылы Берлин үшін шайқаста ауыр жараланып, содан кейін Уфа қаласында ұзақ емделіп, елге оралған Изатулла Батыршаев туралы жазу бізге парыз. Изатулла Рахматуллаұлы 1923 жылы Шымкент қаласында дүниеге келген. Шымырап жатқан уақыт демекші, И.Батыршаевтың туғанына биыл 100 жыл толады! Осыған орай, соғыста батыр, бейбіт өмірде батыл басшы, беделді алқа төрағасы И.Батыршаев туралы біз айтып, біз жазбасақ кім айтып, кім жазады?..



# ТАҒДЫРЫ ТАРИХҚА АЙНАЛҒАН ТҰЛҒА



Изатулла ағамыз 1941 жылы Шымкентте қазақ мектебін бітірген соң, әскерге шақырылып, Орта Азия әскери округіне қарасты Ферғанадағы ұшқыштар дайындайтын авиамектепте құрстан болады. Содан кейін, 1942 жылы Воронеждегі әскери байланыс училищесінің жеделдетілген курсына аяқтаған соң, Москва әскери округіндегі 1-дербес байланыс полкіне взвод командирі ретінде майдан шебіне жіберіледі. И.Батыршаев төрт жыл бойы сұрапыл соғыста бораған оқ пен лаулаған өрттің арасында атқыштар бөлімін басқарып жүріп, әскерилердің бір-бірімен өзара байланыстарын ұйымдастырады. Жөргегінде бесік жырын тыңдап, өсе келе батырлар туралы дастанды оқып ескен Изатулла ағамыз қан кешіп жүріп, өмірдің қатал сынынан өтеді. Осылай оқ пен отқа еті үйренген жауынгердің Отан алдындағы парызы оның қорқынышын ұмыттырып, фашист басқыншыларын талқандап-жоюға бар күш-жігерін жұмылдыруға жетелейді.

Ол 1944 жылы 1-ші Украина фронты 250-ші атқыштар дивизиясының 1035-ші полкіне штаб байланыс взводының командирі болып тағайындалады. Украинадан Берлинге дейін қырғын соғыс пен күндіз-түні ұшудағы оқтың ортасында жүріп, дивизия мен полк арасындағы жедел байланысты ұйымдастырып, командирлерге маңызды хабарларды дер кезінде жеткізуді қамтамасыз етіп отырады. Атқыштар дивизиясында болғандықтан, көп жағдайда өзінің же жүзмен бетпе-бет шайқасқа түсуіне тура келеді.

1945 жылдың сәуір айында әуе шабуылдары Берлинге қарай бет алып, соғыстың соңында жаумен қиян-кескі арпалыс жүріп жатқанда, орталықпен байланыс үзіліп қалады. Осындай сын сағатта 22 жастағы Изатулла жолдастарымен әскери ұшаққа отырып, аса қауіпті сапарға аттанады. Сенімді ақтап байланысты қамтамасыз еткенімен, ұшақтағы жауынгерлер ауыр жарақаттанып, сол қатарда бұл да жарақаттың азабын бір адамдай тартып, Уфадағы әскери госпиталда ұзақ емделеді.

Майданда көрсеткен ерліктері үшін «Қызыл Жұлдыз» ордені мен медальдарын кеудесіне тағып, И.Батыршаев елге аман оралады. Туған жерге келген соң Ташкенттегі Заң институтына түсіп, оны

1950 жылы бітіріп алғашқы еңбек жолын Қаратас аудандық партия комитетінен бастап, кейін Шымкент қалалық және Оңтүстік Қазақстан облыстық партия комитеттерінде сегіз жылдай қызмет атқарады.

Изатулла Рахматуллаұлы 1958 жылы Оңтүстік Қазақстан облыстық сотының мүшелігіне сайланып, тоғыз жыл төрелік етеді. Содан кейін 1967 жылы Шымкент облыстық соты төрағасының орынбасары болып тағайындалып, көп жылдар бойы әділ қазылық етіп, 1983 жылы абыроймен зейнеткерлікке шығады.

Қай қоғамда болмасын би болу, судья болу оңай болмаған. Кешегі кеңестік заманда ҰОС-нан кейін бидің жүгін көтеріп, төреші болып, бүкіл саналы өмірін сот саласына арнаған судьяларымыз аз емес. Олар бұрынғы қазақ билерінің өшпес ізін жалғап, кешегі қылышынан қан тамған Компартияның тұсында да ақыл мен арды тең ұстап, төрелік етудің нәтижесінде халықтың құрметіне бөленгені, соның жарқын дәлелі.

Сондай беделді судьялардың қатарында ҰОС-ның ардагері Шымкент облыстық сотында алқа төрағасы болған И.Батыршаевты да айтуға болады. Ол өзінің алған мамандығы бойынша сот саласында тапжылмай 25 жыл судья, алқа төрағасы лауазымында жүрген кезінде, оның алдынан мыңдаған істер өтіп, заң аясына да әділ шешімін тапқан.

1970-80 жылдары Изатулла Рахматуллаұлының қол астында қызмет істеген бірнеше әріптестерімен тілдескенімде, олар оның ширек ғасыр бойы әділеттілікті орнатуға бар күш-жігерін жұмсағаны жөнінде және алқа төрағасы кезіндегі жақсы қасиеттері терең толғаныспен еске өте бір ризашылықпен жаса алды. Сөз арасында олар әділдіктің туын биік ұстап өткен, әділ әрі батыл басшы бола білген И.Батыршаевтың туғанына биыл 100 жыл толатыны туралы жергілікті басшылар мен жұртшылықтың білгендері дұрыс болар еді дейді.

Шымкент қаласының Құрметті азаматы, ардагер судья, ақсақал Өмірбек Темір, ұзақ уақыт алқа төрағасы болған И.Батыршаевтың алғырлығы мен білімділігін, қазақ, орыс тілдеріне жетік екендігін, қызметкерлерге ақыл-кеңес беруден аман оралады. Туған жерге келген соң Ташкенттегі Заң институтына түсіп, оны

дәйімі атап өтті. Ертеректе Келес аудандық сотының төрағасы болған, бүгінде ардагер ағамыз Өміртай Қалықұлов өз сөзінде, оның ашық-жарқын, өте білікті және әр іске қатысты алқа төрағасы ретінде өзінің пікірі бар екендігін, ал кейбір істер бойынша бұра тартқандарды жаратпайтынын, барлық уақытта әділдікті жақтайтын нағыз басшы болғанын баса айтты.

Кезінде И.Батыршаевпен азаматтық алқада қатар істеген, кейін Шымкент қалалық сотында төраға болып еңбек еткен, ардагер судья Базарбек Уалиханов, оның 1970-80 жылдары облыста азаматтық құқық саласындағы заңды жетік білетін мықты цивилисті екендігіне, тура сөйлеп, тура жүретін, әділ әрі талапшыл алқа төрағасы болғанына, істерді қарағанда, оған заңдық және адамгершілік тұрғысынан да мән беретініне тоқталды. «Мысал ретінде айтсам, 1980 жылы Алғабас аудандық соты 30 килограмдай жүгерінің собығын ұрлаған адамды, тағы бір ауданда 100 кг. картоп ұрлаған біреуді қамаған тұғын. Сол істерді апелляциялық алқада өзі қарап, облыстық соттың қаулысымен екеуін де босатқаны есімде. Тағы қосайын дегенім, «Изатулла аға 1-топтағы мүгедектігіне қарамастан, жұмысты жан-тәнімен беріліп істейтін, екі сөйлемейтін ер мінезді ерекше адам еді. Басшы ретінде әрдайым жастарға жанашырлық танытып, оларды қолдап, білмегенін болса үйрететін. Қазірге дейін сол судьялар И.Батыршаевты ұстаз санап, оны мақтан тұтып, құрметтейді» деді Базекен.

Шымкент қалалық сотының мұражайында ҰОС-нда батыр, одан кейінгі бейбіт өмірде Шымкент облыстық сотының судьясы, алқа төрағасы болған И.Батыршаевқа арналған арнайы бұрыш бар. Ол жерде Изатулла Рахматуллаұлының өмірі туралы түрлі құжаттар мен естелік фотосуреттер жинақталған, олар тарихтан сыр шертеді.

Сонымен қатар, Шымкент қалалық сотының алдында 2015 жылы Ұлы Жеңістің 70 жылдығына орай, сол тұстағы Оңтүстік Қазақстан облыстық сотының төрағасы Нұрсерік Шәріповтың бастамасымен орнатылған Даңқ тақтасы бар. Ол гранит тақтада ҰОС-на қатысқан 24 судьяның аты-жөні алтын әріптермен жазылған. Солардың қатарында Кеңес Одағының Батыры С.Әшіров пен Т.Қауымбаев және 1960-80 жылдары Шымкент облыстық сотының төрағасы болған Н.Төлөндиев пен алқа төрағасы болған И.Батыршаев, тағы басқа судьялар бар. Біз барша ардагерлерді әрдайым мақтан етіп, құрмет тұтамыз және олардың ерліктеріне тағзым етіп, басымызды иеміз!

**Қабыл ДҮЙСЕНБИ,**  
**Қазақстан Журналистер одағының мүшесі**

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

# ОТАН ҚОРҒАУШЫ – МЕМЛЕКЕТ АЙБЫНЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Отан қорғаушының ер, әйел болып жынысқа бөлінбейтінін, тарихта елге жау шапқанда ер азаматтармен қатар атқа қонып, жауға тойтарыс берген әйелдер мен қыздардың аз емес екенін бәрі мойындайды. Өткенге көз жүгіртсек, Армияның құрылған күнін Отан қорғаушы күні деп қабылдаудың Кеңестік дәуірден басталғанын байқауға болады. Мәселен, 23 ақпан 1922–1946 жылдары КСРО-да «Қызыл Армия күні», 1946–1949 жылдары «Кеңес Армиясы күні», 1949–1992 жылдары «Кеңес Армиясы мен Әскери теңіз флоты күні» ретінде атап өтілді. Тұңғыш Президент Н.Назарбаевтың «Қазақстан Республикасының Қарулы күштерін құру туралы» жарлығы жарияланған 1992 жылы 7 мамырды тәуелсіздік жылдары Отан қорғаушы күні деп тойлау үрдісі жалғасып келе жатыр. Атап айтқанда оны 2012 жылдың 4 қазанында ҚР Парламенті мемлекеттік мереке деп таныды. Осыған қарамастан Кеңес армиясында әскери борышын өтегендер әлі де 23 ақпанды мереке деп санайды. Тіпті, кейбір мекемелерде бұл арнайы атап өтіледі. Әрине олардың 7 мамырды Отан қорғаушы күні ретінде қабылдай алмауы негізсіз дей алмаймыз. Сондықтан болашақта 7 мамыр Отан қорғаушы күні емес, ҚР Қарулы күштерінің құрылған күні ретінде ғана атап өтілер болса тарихи әділдік орнайды дегуге болады. Өйткені, қазір Отан қорғаушы күні көп жағдайда 1939–1945 жылдардағы соғыс қасіретін еске түсіретін Жеңіс күнінің аясында көлеңкеде қалып қояды. Отан қорғаушылар күнін тек ерлермен байланыстыру және әйелдер

мен әскери борышын өтемегендерге Отан қорғаушы емесің дегуге ешкімнің қақысы жоқ. Отан қорғаушы – жасына, жынысына, кәсібіне қарап анықталмайды. Ол еліміздің әрбір азаматы үшін абыройлы, құрметті, мәртебелі сөз. Отан қорғаушының қадірін арттырып, абыройын асырып, мәртебесін көтеру еліміздің басты заң шығару органы саналатын ҚР Парламенті үшін де сын болуы тиіс.

## ЖЕҢІСТІ ЖАҚЫНДАТҚАНДАР САЯСАТТЫҢ ҚҰРБАНЫНА АЙНАЛМАСЫН

Екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталуын жақындатқан Жеңіс күні жақындаған сайын жылда әлеумет арасында пікірталас көбейеді. Бұл дау көп жағдайда кеңестік дәуірден қалған Ұлы Отан соғысы деген атауға байланысты туындауда. Өйткені, кеңестік дәуірде КСРО құрамында болған одақтас республикалардағы түрлі ұлттар мен этнос өкілдерінің Екінші дүниежүзілік соғыста көрсеткен ерлігі мен жеңісті жақындатуға қосқан үлесі көп бұрмаланғаны бүгінде ешкімге құпия емес. Алайда бұл тарихи шындықты қалпына келтіруде Ресей тарапынан әлі де кедергі қойылуда.

Соғыс жылдарындағы архив құжаттарына иелік ететін Ресей көптеген құжаттардың құпия белгісін әлі алған жоқ. Ресми органдар 1945 жылғы жеңісті бүкіл Кеңес одағының емес, тек орыс халқының жеңісі ретінде көрсетуге тырысуда. Оны соңғы 30 жылда түсірілген мемлекет тарапынан қаржыландырылған фильмдерден де байқауға болады. Сондықтан 9 мамыр мерекесі кезінде «Бессмертный полк» де-

ген атаумен өтетін шеру мен оған қатысушыларға ұсынылатын портреттер мен «Гвардиялық» (Георгий) ленталарын таратып, көлік құралдарына жапсырылатын өнімдерге дейін арнайы әзірленетін болды. Тіпті, аты-жөні белгісіз еуропалық нәсілдегі Кеңес армиясының өкілі бейнеленген мұндай портреттер сауда орындарында да сатылды. Осы арада «белсенділердің» ұйытқы болуымен кеудесіне «Гвардиялық» лента тағып, шеруде өзіне еш қатысы жоқ адамның ғана емес соғыста миллиондаған халықтың құрбан болуына қатысы бар Сталин, Берия сияқты адамдардың суретін жөтеріп шығатындардың көбейгенін жасырудың қажеті жоқ. Оны көріп, байқап жүрген тарихтан хабары бар көзі ашық, көкірегі ояу азаматтар бұл қауіпті үрдіс екенін аңғарып, қоғамға қозғау салғаннан кейін ғана 2022 жылы «Бессмертный полктың» атауы «Батырларға тағым» деп өзгертілді. Гвардиялық лентаға да Қазақстанда әзірше ресми түрде тыйым салынбағанымен патшалық Ресей кезінде ерекше көзге түскен әскери адамдарды марапаттауда берілген Георгий кресінің белгісі болып табылатын бұл лента отарлаушылардың жергілікті халыққа жасаған зорлық-зомбылығының куәсі іспетті екенін айтып, оны еліміздің туы түстес көк лентаға алмастыруды ұсынған ұлт қайраткерлерінің ұсынысы әзірге бүкіл халықтан қолдау таппай отыр. Оған қарсы болып жүргендер негізінен коммунистік партияның құрамында болғандар мен КСРО-ның тарауы заңсыз, оны қалпына келтіру керек деп жүргендер.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,  
«Заң газеті»

АССАМБЛЕЯ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Мұнда этноәлеуметтік топтардың қоғамға толыққанды кірігуіне кедергі келтіретін аймақтық ерекшеліктерге, мәдени және басқа да факторларға баса мән беру маңызды. Соңғы кездегі жанжалдар негізінен ауылдық жерде болды. Сондықтан шалғай ауылдардың тұрғындары арасында белсенді ақпараттық жұмыс жүргізу қажет. Жергілікті қоғамдастықтың Ассамблея мен оның

# БІРЛІГІМІЗДІ НЫҒАЙТАТЫН БІРЕГЕЙ ҚҰРЫЛЫМ

қоғамдық құрылымдарының жұмысына атсалысуына мүмкіндік жасау керек. Этностардың өзара аралас-құралас өмір сүруіне барынша жағдай жасау күн тәртібінен түспеуі тиіс.

Үшінші басымдық мемлекеттік тілге қатысты айқындалды. Бұл орайда Президент көпмәдениетті ортаны дамыту арқылы барлық азаматтың мемлекеттік тілді меңгеруі үшін жүйелі қадамдар жасаудың маңызын атап көрсетті. Мемлекет басшысының айтуынша, Қазақстандағы әрбір этностың өз дәстүрін, мәдениеті мен тілін дамытуға мүмкіндігі болды және бола береді. Бұл, шын мәнінде, жалпыұлттық бірегейлігіміздің негізі. Барлық азаматтың мемлекеттік тілді меңгеру мәселесі саясатымыздың стратегиялық бағыты болып қала береді. Қазақ тілі – азаматтық интеграцияның тиімді құралы, мәдени-рухани тұтастықтың жарқын көрінісі. Сондай-ақ, қазақ тілі ғылыми прогресс пен білімнің озық жетістіктеріне жол ашатын құралға айналуы керек. Бұл – тек салалық министрліктердің ғана емес, бүкіл қоғам болып шешетін тарихи міндет. Осы ретте асырасылтеушілік пен даңғазалыққа жол бермей, парасатты әрі дәйекті түрде әрекет еткен жөн. Мемлекеттік тілді оқымаған және тиісті деңгейде меңгермеген азаматтар тіл білмегені үшін қысым көрмеу керек. Сонымен қатар, біздің қоғамда мемлекеттік тілді үйрену, оны білуге ұмтылу қалыпты жағдайға айналуы қажет. Қазақ тіліне сұраныс артқанда ғана ол көпшілік кең қолданатын тіл болады. Түптеп келгенде, бірнеше тіл білу – әр

адамның мәдениеттілігінің белгісі. Ал мемлекеттік тілді, әсіресе, ана тілін, яғни, қазақ тілін білу – қандай да бір азаматтың мәдени өресі, азаматтық жауапкершілігі қаншалықты биік екенін білдіреді. Сондай-ақ, қаншалықты патриот екенін көрсетеді.

Төртінші басымдық Ассамблеяның саяси партиялармен және мемлекеттік органдармен өзара қарым-қатынасын күшейтуге бағытталды. Мемлекет басшысы бұл орайда Ассамблеяның саяси партиялармен ақылдасып, кеңесіп отыруы бірлігімізді нығайтудың бір жолы екендігін атап көрсетті. Бұл этносаралық қатынасқа қатысты кез

келген арандатудың жолын кесудің де мүмкіндігі. Сонымен қатар Мемлекет басшысы партияларды ортақ іске жұмылдыру үшін – Парламентте депутаттық бірлестік құруды ұсынды. Оның айтуынша, Ассамблеядан сайланған бес сенатор бұл шаруаның басы-қасында жүруі керек. Бұл ұйым да әкімдіктер мен мәслихаттардың жұмысына атсалысуы қажет.

Бесінші басымдық ретінде этносаясаттың біртұтас және дәйекті түрде жүргізілуі қажеттігі айтылды. Мемлекет басшысы оның ғылыми тұжырымдарға негізделуін тапсырды. Сонымен қатар, этносаясат мемлекеттің басымдықтарына толық сай келуі керек. Үкімет жыл соңына дейін ұлттың қалыптасу процесінің қазіргі жай-күйіне талдау жасалған және тиісті өзекті ұсыныстар берілген сараптамалық баяндама әзірлеуі қажет. Жалпы, әлемдегі қақтығыстар мен соғыстардың бәрі ұлттық төкаппарлықтан, өзге этнос өкіліне және өзге ұлтқа жақын адам, не дос деп қарағысы келмеу салдарынан туындайды. Нағыз патриотизмді ұлттық менмендікпен еш шатастырмау керек. Сондықтан Қазақстанда Ассамблеясы жойылмайды, керісінше одан әрі дамиды. Оның жұмыс істеу тәсілдерін жетілдіріп, құрамы үнемі жаңартылып отырады. Қазақстан этносаралық татулық пен келісімді сақтау үшін әрдайым орнықты және салиқалы саясат жүргізеді. Бұл – мемлекетіміз үшін мызғымас ұстаным.

А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА,  
«Заң газеті»

МӘСЕЛЕ

# ЖАСТАР ЖАЙЫ: ҮМІТТЕН КҮДІК БАСЫМ

Жауапты сала мамандарының сөзіне сүйенсек елімізде жыл сайын орта есеппен 145 мың жастың қатысуымен құқық бұзу жағдайы тіркеледі екен. Мәселен, жыл басынан бері республика бойынша 700-ден аса жас қылмысқа қадам жасаған.

Наурыз айының өзінде 378 қылмыстық іс тіркелген. Олардың ішінде ауыр емес – 32, ауырлығы орташа – 147, ауыр – 162, аса ауыр – 15 жағдай орын алған. Жасөспірімдердің қатысуымен орын алған қылмыстарды өткен жылмен салыстырсақ 14%-ға көбейгені байқалады. Ондағы біздің өңірдің үлесі қанша? Нақты статистикалық мәліметтерде Қызылорда облысы бойынша жасөспірімдер қылмысы 44%-ға азайыпты-мыс. Дегенменде, соңғы бір-екі апталықта әлеуметтік желі беттеріндегі жаңалықтар жұрттың жағасын ұстатты. Қызылорда облысының Қазалы ауданы, Әйтеке би кентінде орын алған ессіздік елдің есін шығарып, біздің тәрбиенің тұсын әшкереп етті. Тұтас қоғамды әлекке салып, тиісті тұлғалар жауапқа тартылды. Араға апта салмай бір-біріне пышақ жүгіртіп, топтық төбелестің «төресін» көрсетті. Бұл не нәубет болды дегеннен басқаға шамамыз келмеді. Жастар арасындағы келеңсіз оқиғалар Президентке дейін жетті. ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев: «Балаларға қатысты жантүршігерлік қылмыстар жиілеп кетті. Мұндай оқиғалар мектепте, көшеде, тіпті, үйде де орын алып жатыр. Сорақы жағдайлар оқушылардың өздеріне қол жұмсауына себеп болып отыр», – деді.

Түйір тасын түртіп қалсаң тарих сөйлейтін, баласынан бастап бабасынан дейін дана болған, мәдениеті әдебиетімен, діні ділімен ұштасқан, салтына берік, антаны адал халықтың ұрпағымыз. Өткенімізді

түгендеп, жүрген жолымызға қарайлайтын болсақ Тұран даламыздың топырағынан талай текті тұлғалар туылған. Фәни дүниеге іңгәләп келіп, жалған өмірден жұрты үшін жылап кеткен жазампаз перзенттер де, талантымен тұтас өлемді тандандырған тұлға да, Құдайы жолында бір бас намазын қаза қылмаған ізгі жандар да, қасық қанын халқының жолында шейтп еткен көзсіз батырлар да, атағы алыс-жақынға тұтас мәшһүр болған атымтай жомарт та өтті. Бұқара болып бекініп, байрағымызды тіктеп, өз алдыстағы ел боламыз деген сонау жылдардан бастап кешегі тәуелсіздік жылдарына дейінгі аралықта қазақ елі мың өліп, мың тірілді. Жаугершілік уақыттарда да, еркіміз кетіп бодан атанған шақта да, ашаршылық нәубеті мен қан сасыған майдан ортасында кескілескен кезде де біздің рух сынған жоқ. Намысымыз төгіліп, айбарымыз мұқалған жоқ. Себебі, жүректерінде жаратқанға деген кіршіксіз сезім мен сенімі бар, сана түкпірінде болашаққа деген алғаусыз араманы бар адал халықтың арда ұрпақтарын қажыту мүмкін емес еді. Тәуелсіздік жылдарының алғашқы шақтарында да экономикамыз шатқаяқтап, шекарамыз шегенделмей, сала біткеннің тасы сайға домалаған кезде де біз халықтық сыйпатымыздан, ұлттық болмысымыздан бір сөз алыстаған емеспіз. Алайда, сондай ізгі ұлттың ұрпағы – жастар үшін қам көңілдің төрінде бір күдікпен қарайтын мәселе бар. Соңғы уақыттардағы қоғамдық көріністерді көріп, «өткенімізден



жаңылып, түбірімізден жұлынып қалдық па?» деген ойға келемін. Жоқшылыққа қарағанда тоқшылық жаратылысы адамды аздырып, рухани кембағалдыққа ұшарататындай сықылды. Сананы тұрмыс билеген, сыртқы күштердің әсері қалып уақытта ұрпақ санасын адастырмай, ұлттық болмысымызға қайта табыстыру үшін не істемек керек? Қоғамды құраушы, ел болашағы ретінде жастарды қалай тәрбиелей аламыз. Қайткенде ізгі қоғам статусын қайта қалпына келтіре аламыз? Бүгінгі жазбамызда осы секілді жастар мәселесін зерделейтін боламыз.

Жақында ғана экс әріптесіміз Нартай Аралбайұлы ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайыловқа, ҚР Бас Прокуроры Берік Асылыовқа депутаттық сауалы мен нақты ұсыныстарын жеткізді. Ол прокурорға оқушылар арасындағы әлімжеттікке қатысы бар барлық адамдар жазалансын, оқиғаны біліп тұрып, істі бұрмалауға һәм қамсыз қалып, жасыруға жол берген тиісті тұлғаларға заң шеңберінде заң қолдансын. Сонымен қатар, оқиға орнында кикілжіңді басудың орнына бейнекерініс түсіріп таратқандар да заң алдында жауапқа тартыларын деген талабын жеткізді. Өз кезегінде Премьер-Министрге 4000-нан аса оқушысы бар мектептерде тек 2 психолог маман жұмыс істейтінін және ол азыздық ететінін алдыға тартып, штаттық

бірлік санын арттыру керектігін, 250 балаға 1 психологтан келетіндей етіп жағдай жасауды сұрады. Сонымен қатар, әлеуметтік педагогтың да қажеттілігі бар екенін ескертіп, көбейтуді кеңесті. Мектептердегі инспектор қызметін қайта жалғастыру жайлы айтты.

Әлімжеттік жағдайларын әшкереп етуді ұят санайтын таптаурын түсінікті жоюға шақырды. Барлығына да екі қолымызды қатар көтеріп қолдаймыз.

Қазалы оқиғасына қайта оралайық, есінен танып құлаған жасты аяусыз соққылап жатқан бір топ жасөспірімнің ісін көрдік. Көзімізге сенбей, «аяусыз» екен дестік. Мән-жайын біле алмай, кімді кінәлау керек екенін түсінбей, тек әлгі баланың амандығын тілеумен отырдық. Нәтижесінде жауапсыздығы үшін жауапты тұлғалар жазаланды. Іс қозғалып, қатыстылар заң аясында өз істерін мойнымен көтеретін болды. Алайда, мәселе бұл жайлы емес, мәселе – жастардың бұзылғанында. Жоғарыда айтылған жағдайға дейін бару үшін қаншалықты қамсыз, қаншалықты аяусыз болуы керек. Обал мен сауаптың бағасынан қашан айырылып қалдық? Жүрегіңде мейірім деген мерейлі жаратылыстың титімдей жұрнағы қалмаған тасжүрек жастарды тәрбиелеуде қай жерден қате жібердік?

Асылында біз дәстүрімізден тін алған дініміздің, бала тәрбиесіндегі жазылмаған дала заңдарының берік қағидаларынан алыстап қалдық. Бұрындары баласына «Әр қазақ сенің жалғызың, әр қазақ сенің бауырың» деп тәрбие берген отбасыларда қазір эгосы жоғары, амбициясы биік, көңілі тар ұрпақтар легі

өсіп келеді. Көпке бірдей топырақ шашып, бес саусақ бірдей екен деуден әсте аулақпыз. Дегенмен, «Ішіне шынтақ айналмайтын ежірей деген келетіндей етіп жағдай жасауды сұрады. Сонымен қатар, әлеуметтік педагогтың да қажеттілігі бар екенін ескертіп, көбейтуді кеңесті. Мектептердегі инспектор қызметін қайта жалғастыру жайлы айтты.

Құқық бұзушылық, яки аяусыздық, өзі секілді екінші бір адамға деген жасалған барлық қатыгездік – жастар арасындағы бір ғана әлеуметтік мәселе. Осы тектес ұшығып тұрған түрлі әлеуметтік топтар мен жағдайлар жетерлік. Шешімін таппай шенділерде, бала қамын күйтеген күйбен тірлікті ата-ана да, замандастарының ахуалына алаңдаған мен секілді жастар да не істерін білмей дал. Осы тұста бізге ата-дәстүріміз бен дінімізге арқасүйеу керек секілді. Заң біткеннің бөлінен басып, үлкенді үлкен көрмеген, айтылған ақылды алмай, өзін білемінге салған «жүгенсіздерді» тезге салудың жалғыз жолы – бәлкі, ислам болар. Түгелге жуық қазақ тілді, діндес халық шоғырланған біздің облыстарға бұл түсіндіруді қажет ететін түсінік. Мұсылмандар сенімінде екенің бала алдындағы бір міндеті өзін жаратқан Құдайды таныту, тура жолды көрсету болса, баланың екенің алдындағы борышы – атына кір келтірмей, қызықшылығын көрсету. Осы секілді кіші ғана формалары менгерген ұрпақ ұятты, әке ожданды болары сөзсіз. Міне біз аталған отбасы институтының, оның ішінде діни сипаттан айырылып қалдық. Қу тіршіліктің күйбеңнен қолы тимейтін, бала-шағасын асырау қамымен күндіз-түні үй көрмей жүретін әке-аналар мен әй дейтін әженің алдын көрмеген жастардың мәселесі ұшығып тұр. Осы олқылықтардың ойсыраған орнын толтырар болсақ, жазба басындағы біз арман етіп қарайтын ізгі қоғамымызды қайта құра аламыз.

Шернияз ЖАЛҒАСБЕКҰЛЫ

# ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ СОТЫНА - 85 ЖЫЛ

1991 жылы мемлекеттік тәуелсіздік жарияланғаннан кейін басталған саяси, әлеуметтік және экономикалық қайта құру процесі негізінде елімізде ұлттық құқықтық жүйе қалыптасып, сот жүйесінің реформасы жүргізілді. Егеменді елдің сот саласында түбегейлі өзгерістер орын алып, мемлекеттік биліктің дербес тармағы – соттың іргетасы қаланды. Сол уақыттан басталған реформа кезең-кезеңімен заң-ережелер, бағдарламалар, халықаралық тәжірибе және сарапшылардың талқылауымен жетілдіріліп келеді. Қызылорда облыстық соты да қазақстандық соттың қадамын нықтауына, беделінің орнығып, өзіндік бет-бейнесінің қалыптасуына үлесін қосып отырған берекелі ұжымның бірі.

## Даму баспалдақтары

Бүгінде құрылғанына 85 жыл толған облыстық сотта жаңа технологиялар көмегімен сот қызметі ашық, жедел, қолжетімді бола түсті. Сот мәжілісі залдары түгелдей дыбыс және бейнежазба құрылғыларымен жабдықталып, сот отырыстары таспаға жазылады. Жаңа технология азаматтардың сотқа келуін міндеттемей, арыз-шағымын «Сот кабинеті» арқылы үйінен, кеңсесінен шықпай-ақ жолдауына жол ашты. Электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесі енгізіліп, сот ісін жүргізуде заманауи бағдарламалық өнімдер пайдаланылып, ақпараттық технологиялар арқылы халыққа көптеген ақпараттық қызметтер көрсетіліп, сот жүйесіне деген сенімді одан әрі арттыруға қажетті жағдай жасалған. Осылайша тәуелсіздік жылдарында аймақтағы сот жүйесі бірқатар өзгерістерді өткеріп, жылдан-жылға даму үстінде.

Сот жүйесінің одан әрі дамуы 2000 жылғы 25 желтоқсанда «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заңның қабылдануына орай жаңа қарқын алды. Конституциялық заң сот-құқықтық реформасының кезекті кезеңіне жол ашты. Заңда республикадағы сот құрылымының принципті жаңа нормалары, соттардың қызметін ұйымдастыру тәртібі белгіленді. Атап айтқанда, Жоғарғы Соттың шаруашылық және азаматтық істер жөніндегі алқалары біріктіріліп, әскери алқасы таратылды, мұның өзі іс жүргізу заңнамасында қарастырылғандай, сот ісін жүргізуді бірізге түсіруге мүмкіндік берді.

Соттарды мамандандыру құқық қорғау шегін кеңейтуге берілген мүмкіндік

Судьялардың тек сот төрелігін жүзеге асыруын, сотқа тән емес қызметтермен айналыспауын қамтамасыз ету мақсатында «Қазақстан Республикасы сот жүйесінің тәуелсіздігін күшейту жөніндегі шаралар туралы» 2000 жылғы жарлыққа сай Жоғарғы Сот жанындағы Сот әкімшілігі жөніндегі комитет құрылып, соттардың қызметін және атқарушылық іс жүргізуді қамтамасыз ету функциялары Әділет министрлігінен алынып, осы комитетке берілді. Комитет пен облыстардағы соттар әкімшілері ұйымдық, қаржылық және материалдық-техникалық функцияларды орындай отырып, жергілікті соттардың жергілікті атқарушы билік органдарынан тәуелсіздігін қамтамасыз етті.

2002 жылы сот жүйесін одан әрі жетілдіруге бағытталған мемлекеттік Құқықтық саясат тұжырымдамасы қабылданды. Тұжырымдамада сот жүйесін жетілдірудің, судьялар тәуелсіздігін нығайтудың негізгі критерийлері айқындалды. Сот жүйесін одан әрі жетілдіру мақсатында экономикалық, әкімшілік, ювеналдық (кәмелетке толмағандар ісі бойынша) және басқа да арнаулы соттар институтын дамыту мәселесін қарастыру, сондай-ақ, азаматтық-құқықтық дауларды шешудің балама әдістерін, мысалы, аралық соттар қызметін заңмен реттеу, оларды халықаралық стандартқа жақындата отырып, қарастыру



Асылхан МИЗАНБАЕВ,  
Жалағаш аудандық сотының төрағасы

көзделді. Аталған тұжырымдамаға сәйкес, Президент жарлығымен мамандандырылған ауданаралық экономикалық және әкімшілік соттар, кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі мамандандырылған соттар құрылды. Жалпы алғанда, соттарды мамандандыру азаматтардың құқығын қорғау шегін кеңейтуге мүмкіндік берді.

2006 жылғы 16 қаңтарда «Алқабилер туралы» және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне алқабилердің қатысуымен қылмыстық сот ісін жүргізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңдар қабылданып, аса ауыр қылмыстық істерді қарауға алқабилердің қатысуы қарастырылды. Сонымен қатар, азаматтық құқықтық қатынастардан туындайтын дауларды шешудің баламалы әдістерін енгізу мақсатында 2004 жылғы 28 желтоқсанда «Аралық соттар туралы» және «Халықаралық коммерциялық төрелік туралы» заңдар қабылданды. Бұл заңдар дауларды соттан тыс шешу тәртібін қарастырады.

## Заң және үшінші билік

2007 жылғы 21 мамырда Конституцияға түзету енгізу нәтижесінде Қазақстанның сот жүйесі азамат-

тардың құқығын қорғаудың қуатты тетігіне, соның ішінде қамауға алуға соттың санкция беру құқығына ие болды. Сот жүйесінің жұмысын және сот төрелігін іске асыруды реттейтін жаңа заңдар топтамасы қабылданды. «Қылмыстық іс жүргізу кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңы мен Қылмыстық іс жүргізу кодексіне өзгерістер енгізіліп, қамауға алуды санкциялауды соттың ерекше құзырына беру қарастырылды.

2008 жылғы 17 қарашада «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі республиканың сот жүйесі үшін маңызды оқиға болды. Осы заң сот ісін жүргізудің үш буынды жүйесінің негізін қалады. Сонымен қатар, 2009 жылғы 10 желтоқсанда «Қазақстан Республикасының Қылмыстық, Қылмыстық іс жүргізу және Азаматтық іс жүргізу кодекстеріне сот жүйесін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң қабылданып, 2010 жылғы 1 қаңтардан бастап сот ісін жүргізудің үш буынды жүйесі іске қосылды. Міне, осылайша, жаңа тұрпатты сот жүйесін құру жөніндегі міндет бүгінгі таңда өз шешімін тауып, сот органдары елімізде заңдылық пен тәртіпті нығайту бағытында ауқымды жұмыстар жүзеге асты.

Жоғарғы Сот – еліміздегі сот жүйесі қызметкерлеріне мейлінше ашық, анық үндеу жариялап, барша қазақстандықтардың, бизнес өкілдері мен инвесторлардың және бүкіләлемдік қауымдастықтың сотқа деген сенімін жоғарылату міндетін алға қойды. Осындай мақсаты айқын міндеттердің нәтижесінде қазір сот саласы, оның ішінде облыстық сот уақыт талабына сай жаңа деңгейге көтерілді. Қара қылды қақ жарған кешегі билердің бүгінгі ізбасарлары дауы оңтайлы шешуге де атсалысып, араздасқан ағайынды татуластыруға, ел бірлігін нығайту бағытында да сүбелі істер атқарып келеді. Судьялардың мыңдаған адамның тағдыры мен дауын шешіп, олардың құқығы мен бостандығын қорғау жолындағы жанкешті еңбектерінің нәтижесінде халықтың сотқа деген сенімі нығайды.

## Жариялылықты шектеуге жол берілмейді

Сотта жариялылықты шектеуге жол берілмейді және барлық мүдделі адамдар мен бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің сот отырысы залына еркін кіру мүмкіндігі қамтамасыз етілген. Жеке тұлғалар және олардың өкілдері, заңды тұлғалардың өкілдері «Сот кабинетінде» орналастырылған электрондық нысан-

дарды толтыру арқылы электрондық құжаттарды сотқа ұсынуға құқылы. Бұл үшін көрсетілген адамдар «Сот кабинетіне» тіркелуі қажет. Сервиске тіркелген адам электрондық құжаттарды беру сервисінің пайдаланушысы болып табылады.

Сот залына кірген судья бір сәтке ағайын-туыс, жора-жолдас атаулыны ұмытып, тек заңға ғана бағынып, ар-ұятына ғана жүгінуі керек. Данышпан Абай: «Жаят деген – адамның өз бойындағы адамшылығы», – деген екен. Ендеше сот үшін бұлжымайтын ереже ар-ұяттан, адамшылықтан ақтамау – біздің басты ұстанымымыздың бірі. Ар-ұятпен бірге айтылатын тағы бір қасиетті ұғым – ар-иман. Тағы сол Абай атамыз айтқандай: «Иман сақтауға қорықпас жүрек, айнымас көңіл, босанбас буын керек». Себебі, бізге келген кісілер «мен әділет үйіне келдім, ол жерде мені күтеді, түсінеді, қабылдайды, мәселемді әділ шешеді» деп келеді. Сондықтан құрмет пен сенімді ақтап, өз қызметімізді тиісті дәрежеде атқару, халықтың сотқа деген сенімін арттыру біздің басты міндетіміз хәм парызымыз.

Шындығында дәл қазір Қазақстандағы сот жүйесінің ашықтығына еш күмән жоқ. Айыпталушыға сот шешімі немесе судьяның үкімі шыққанға дейін қарапайым халық мұның барлығын көріп отырады. Айыпталушы немесе куәгер қалай жауап беріп, одан қалса, судья іс процесін қалай жүргізіп отыр, мұның барлығын қарап отыруға мүмкіндік бар. Сондықтан да судьяның әділетсіз шешім шығарып, істі бұрмалауына еш негіз жоқ. Оның үстіне қазіргі уақытта сот залындағы процестердің барлығы да таспаға жазылады. Бұл соттың ашықтығы мен ашықтығын шынайы көрсетеді. Өйткені, біз қоғам дамыған уақытта өркениет жетістігінен кеш қалмауымыз қажет.

Сот жүйесінің көп сатылылығы жойылды, судьялардың кадрлық іріктеу жүйесі жаңғыртылды, судья әдебінің жаңа кодексі қабылданды, тараптарды бітістіру рәсімдері мен дауларды соттан тыс реттеу тетіктерін жетілдіру қолға алынды, сот жүктемесі азайтылды, сот актілерін ұғынықты тілде түсіндіру тәжірибесі енгізілді, жаңа электрондық сервистер мен жобалар іске қосылды, сот жүйесінің материалдық базасы нығайтылды, өңірлерде фронт кеңселер ашылды. Бұл батыл қадамдар мен сан-салалы жұмыстар сот жүйесін белсенді дамытудың жаңа қырын қалыптастырып, судьялардың жұмысына тың серпін бергені анық.

Осылайша облыстық сот жүйесі құқықтық мемлекеттің қажеттілігіне және заман талабына сәйкес үздіксіз жетілдіріліп келеді. Соттар заманауи жетістіктерге қол жеткізді. Жаңа технологиялар сот ашықтығының кепіліне айналды.

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

# ХАТШЫЛЫҚ ЖАУАПТЫ ҚЫЗМЕТ

Судьялар қызметін қамтамасыз етуде маңызды рөлді сот отырысының хатшысы атқарады.

Сот отырысы хатшыларының жұмысы сырт көзге қарапайым әрі оңай болып көрінуі мүмкін. Бір қарағанда, олар тараптардың жауабын қағазға түсіріп, хаттама жазып, іс құжаттарын реттеп отыратын жай ғана маман сияқты. Алайда, сотта қаралатын кез келген істің өзіндік қиындығымен қатар істі өндіріске дайындау сатылары болады. Сот отырысы хатшысының жұмысы күрделі, көп салалы, сөйте тұра қызықты да.

Бұрын құжат айналымы, хаттамаларды толтыру қолмен рәсімделіп, кейіннен жазу машинкасында терілетін болса, бүгінде бұл жұмыста ілгерілеу бар. Қазір сот отырысының барысын бейне және таспаға жазу шараларын міндетті түрде енгізу судьяның бейне жазуды тоқтатуға немесе дыбыстық жазу материалдарын редакциялауға мүмкіндігі болмайды.

Судьяның уақытты тиімді пайдаланып, өнімді жұмыс жасауы сот хатшысының біліктілігіне, іскерлігіне

тікелей байланысты. Мемлекеттік қызметкер мәртебесін қолдап отыру үшін барлық мемлекеттік қызметкерлер сияқты сот отырысының хатшыларына да қойылатын талаптар әрдайым жоғарылап отырады. Соттың іс жүргізуге қатысты ішкі тәртібі де ішінара өзгеріп отырады. Десек те, сот отырысының хатшылары өз міндетіне асқан жауапкершілікпен қарауы қажет.

Хатшы сот отырысы хаттамасының толық және дұрыс толтырылуына дербес жауап береді. Дұрыс емес не шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтерді сот отырысының хаттамасына қасақана енгізген жағдайда хатшы заңда көзделгендей жауапты болады.

**Р.АЙТМАНБЕТОВА,**  
**Маңғыстау облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының бас маманы-сот мәжілісінің хатшысы**

«Бірлік түбі – тірлік» деп қазақ халқы бекер айтпаған. Адамдар арасында бірлік болса, олар ынтымақта, тату-тәтті өмір сүреді. Біз бәріміз өзара сыйласып, ұйымшылдық көрсетсек қана бірлікке қол жеткізуге болады.

Әнет баба «Ынтымақта болсаңдар еш жау ала алмайды» деген екен. Ауызбірліксіз ешкімнің де, ешбір елдің де асығы алшысынан түспеген. Адам баласы әу баста жер бетіне жаралғаннан-ақ қауымдасып күн кешу арқылы сыртқы табиғи күштер мен жыртықш

# БЕРЕКЕ БАР ЖЕРДЕ ТАТУЛЫҚ БАР

хайуандар, аждаһалар тажалына төтеп береді. Сөйтіп, тек бірлескен күш-қайрат қана қиындықты жеңе білетінін түсінді. Ынтымақты ел үшін алынбас қамал болмайтынын бағамдады.

Күрес – өмір заңы болса, ал бірлескен күш-жігер, тонның ішкі бауындай жымдасқан бірлік пен өзара ілтипат, бауырмалдық пен достық сынды киелі ұғым-сезімдер ерлікке де, жеңіске де, сән-салтанатқа, арысы мәңгілікке бастайтынына ұлы уақыт төреші. Ішкі бірлігі болмаған талай құдіретті империялар мен мемлекеттер, кейбір мықты деген халықтар мен тайпалардың өзі тарихтың алмағайып тұстарында құрдымға кетті.

Біздің қазақ «Ырыс түбі – ынтымақ» деп те, «Ауыл болсаң – қауым бол» деп те, «Ел болам десең, бесіңді түзе» деп те айтады. Киелі қазақ шаңырағына уық болып қадалған өзге этнос өкілдері «Қазақстан



– достық пен татулықтың шынайы мекені» дегенді ұранға айналдырған. Ұлтаралық татулықты нығайтуға Қазақстанда тұрып жатқан әр ұлттың өкілі атсалысады.

Бірлік пен береке – біздің басты құндылығымыз. Бұл біз үшін алтыннан да қымбат қазына. Ел іргесі бүтін, шаңырағы биік, керегесі кең болуы еліміздегі татулық пен достықтың шынайы көрінісі екені дәлелдеуді қажет етпейтін шындық. Осы татулық пен тұрақтылық мәңгі салтанат құрсын десек, бәріміз бір атының баласындай тату-тәтті өмір сүруіміз керек.

**Айжан ОМАРОВА,**  
**Өскемен қаласы мамандандырылған тергеу сотының бас маманы-сот отырысының хатшысы**

– Еркебұлан Маратұлы, аграрлық саладағы өзекті мәселе – фитосанитариялық қауіпсіздіктің маңызын екінің бірі түсіне бермейді. Бұл бағыттағы жұмыста қандай өзгерістер бар?

– Аумақтық инспекцияның негізгі жұмысы – тиісті аумақта өсімдіктердің, өсімдік шаруашылығынан алынатын өнімнің қолайлы фитосанитарлық ахуалының қамтамасыз етілуін бақылау және қадағалау. Ауыл шаруашылығы инспекциясының

ниторинг деректеріне және қалыптасқан фитосанитарлық жағдайға қарай ҚР аумағы бойынша ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешеніндегі мемлекеттік инспекция комитеті жүзеге асырады. Біздің елімізде марокколық шегіртке Түркістан және Жамбыл облыстарында ғана бар. Ол ерте шығатын болғандықтан оның шоғырланған жерлерінде химиялық өңдеу жұмыстары сәуір айының басында басталып кетті. Алматы облысында үйірлі шегірткенің италиялық пен азиялық

тұрақты, 21 жалдамалы автокөлік қарастырылады.

2023 жылы саяқ шегірткелерге қарсы химиялық өңдеу жұмыстары 28 080 гектар жерге жоспарланып отыр. «Өсімдіктерді қорғау туралы» заңның 9-бабы 4-1 тармағына сәйкес, зиян тигізудің экономикалық шегінен жоғары саяқ көк қасқа шегірткелерге қарсы күрес жөніндегі фитосанитариялық іс-шараларды ұйымдастыру және жүргізу облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті атқарушы

көліктік құжаттар. 2) карантинге жатқызылған өнімнің әкелінетін партиясына қағаз жеткізгіште ресімделген фитосанитариялық сертификатты сұрайды.

Өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспектор фитосанитариялық бақылау



Еркебұлан БЕКЖАНОВ, ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешеніндегі мемлекеттік инспекция комитетінің Алматы облыстық аумақтық инспекция басшысы:

# «ӨСІМДІК ТЕКТЕС БҮКІЛ ӨНІМНІҢ САПАСЫ МЕН ҚАУІПСІЗДІГІ МАҢЫЗДЫ»

барлық атқарылатын жұмыстары Қазақстанның өсімдіктерді қорғау мен оның карантині Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес негізделеді. Сондықтан, жоғарыда айтылған олардағы өзгерістеріне сәйкес, фитосанитарлық қауіпсіздік талаптары да күшейтіліп отырады.

Алматы облыстық аумақтық инспекциясы өз құзыреті шегінде облыс көлеміндегі фитосанитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз етеді. Сондай-ақ, агроөнеркәсіптік кешен саласындағы бақылау-қадағалау функцияларын, оның ішінде өсімдіктерді қорғау және өсімдіктер карантині саласында бақылау, қадағалау функцияларын жүзеге асырады. Ауылшаруашылығы саласында еңбек өнімділігін арттыруға және өңделген өнімдердің экспортын ұлғайтуға, әсіресе, елімізге жаңа нарықтың ашылуы бұл инспекция тарапынан фитосанитариялық қауіпсіздік саласын одан әрі нығайтуды қажет етеді. Бізге осындай маңызы зор мемлекеттік қызмет жүктелген. Біз ішкі және сыртқы нарықтағы бүкіл халықтың тұтынуына жіберілетін сырттан келетін және экспортқа шығарылатын бүкіл өсімдік тектес өнімнің карантиндік нысанның тазалығына және қауіпсіздігіне жауап береміз.

– Соңғы кезде жұртшылық арасында шегіртке зиянкестерімен күреске бөлінген қаржыға байланысты алып-қашты сөз көп. Жолындағының бәрін тип-типыл етіп, жайпап өтетін шегірткенің қаншалықты қауіпті зиянкес екенін көп адам біле бермейтін сияқты. Жалпы шегірткенің қандай түрлері бар және оның қайсысы қауіптірек?

– Шегірткеге келетін болсақ ол негізінен үйірлі және саяқ болып екіге бөлінеді. Қауіп жоғары болғандықтан үйірлі шегірткемен күрес республикалық бюджет есебінен қаржыландырылады. Қауіп одан аз саяқ шегірткемен күрес жергілікті әкімдіктер тарапынан қаржыландырылып, өңделеді. Үйірлі шегірткенің өзі үшке бөлінеді. Марокколық, италиялық және азиялық.

Үйірлі шегірткелерге қарсы химиялық өңдеу жұмыстары республикалық бюджет қаражаты есебінен алдын ала жоспарланады. Бюджет қаражаты есебінен сатып алынған пестицидтерді фитосанитарлық мо-

ниторинг деректеріне және қалыптасқан фитосанитарлық жағдайға қарай ҚР аумағы бойынша ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешеніндегі мемлекеттік инспекция комитеті жүзеге асырады.

– Зиянкестердің ошағын анықтау және жоюды әр облыс жеке-жеке жүргізе ме? Сіздерге жүктелген жұмыс қандай бұл жерде?

– Зиянкестердің ошағын анықтау-зерттеу жұмыстарын «Республикалық фитосанитарлық диагностика және болжамдар әдістемелік орталығы» РММ жүргізеді. Ол республика көлемінде жинақталып, орталық аппаратқа ақпарат ретінде тапсырылады. Сол себепті атқарылған шаралар үнемі республика деңгейінде бақылауда болады. Сонымен қатар, Алматы облыстық аумақтық инспекциясы өз құзыреті шегінде облыс көлеміндегі фитосанитарлық іс-шараларды ұйымдастыру барысында пестицидтерді сақтау, тасымалдау, қолдану жөніндегі жұмыстарды бақылайды.

– Яғни, сіздер тек бақылаушысыздар?

– Химиялық өңдеуді жүргізетін мердігер мекемелер комитет тарапынан анықталады. Жоғарыда айтып кеткендей біз тек облыс көлеміндегі фитосанитарлық іс-шараларды ұйымдастыру барысында пестицидтерді сақтау, тасымалдау, қолдану жөніндегі жұмыстарды ғана бақылаймыз. Мысалы, Алматы облысы бойынша үйірлі шегірткелерге 2023 жылы 48795 га жерге химиялық өңдеу жұмыстарын жүргізу жоспарлануда. Оның ішінде италиялық пруссқа қарсы өңдеу 29,035 га жерге жүргізіледі. Оның 16 240 гектарында өңдеу жұмыстары ұшақтар арқылы, 12 795 гектарына жер үсті техникалармен жасалады. Ал азиялық шегірткеге қарсы өңдеу жоспарланған 19 760 гектар жердің бәрі ұшақтардың көмегімен жүргізіледі. Сондықтан шегіртке зиянкестеріне қарсы фитосанитариялық күрес жұмыстарына 6 арнайы жер агрегаттары, 2 жеңіл және 1 ұшақ қарастырылады. Бүгінгі күні, аса қауіпті шегіртке зиянкестеріне қарсы жұмыс жасайтын мердігерлер комитет тарапынан анықталып, келісімшартқа отырды. Республикалық фитосанитариялық диагностика және болжамдар әдістемелік орталығы облыстық, аудандық филиалы тарапынан зиянды және ерекше қауіпті зиянды организмдерге қарсы мониторинг жұмыстарын жүргізуге 42 маман, 21 зеттеуші және 9

органдарының өсімдіктерді қорғау саласындағы құзыретіне кіреді.

– Түркістан облысындағы химиялық өңдеу жұмыстарынан кейін биыл омарта шаруашылығы қызметкерлері үлкен шығынға баттық деген мәлімдеме таратқан еді. Мұндай жағдайдың Алматы облысында қайталанбауы үшін не шара жасадыңыздар?

– Фитосанитарлық іс-шаралар барысында омарташыларға, ауылдық округ әкімдіктеріне, тиісті шаруа қожалық иелеріне және де мал бағып отырған барша бақташыларға алдын ала түсіндірме, ескерту жұмыстары жүргізіледі. Жалпы, бал арасына қатысты химиялық өңдеу жұмыстары барысында төмендегі көрсеткіштер қатаң сақталуы керек. Бал арасына химиялық өңдеу әсерінің қауіптілігін – жоғары, орташа және төмен деп 3 топқа бөлуге болады. Біріншісінде, шекаралық-қорғаныс аумағы бал аралары үшін 4-5км, авиаөңдеуде кемінде 5-6 км болу керек. Бұл аймаққа 4-6 күнге дейін бал арасын жібермеу керек. Екіншісінде шекаралық-қорғаныс аумағы бал аралары үшін 3-4км, авиаөңдеуде кемінде 4-5км болу керек. Оған 2-3 күнге дейін бал арасын жібермеу керек. Үшіншісінде шекаралық-қорғаныс аумағы бал аралары үшін 2-3км, авиаөңдеуде кемінде 3-4км болады және бал арасын 20-24 сағатқа дейін жібермеу керек.

– Азық-түлік қауіпсіздігін сақтауда өсімдіктерді қорғаудың маңызы зор екені кімге де болса түсінікті нәрсе. Сырттан келетін карантиндік өнімдерді анықтау, зерттеу, жою жұмыстары қалай жүргізіледі?

– Кедендік аймақта карантиндік фитосанитарлық бақылау-қадағалау карантинге жатқызылған өнім баратын жеріндегі мемлекеттік фитосанитариялық талаптарына сәйкестілігін тексеру мақсатында жүзеге асырылады. Жүзеге асыру процедурасы мемлекеттердің заңнамаларына сәйкес келесі бақылау шараларын қарастыра алады: құжаттарын тексеру; карантинге жатқызылған өнімді қарау; карантинге жатқызылған өнімді қарап тексеру. Құжаттамалық тексеру жүргізу мақсатында мемлекеттік инспектор: 1) карантинге жатқызылған өнімнің әкелінетін партиясына арналған коммерциялық және

бекеттерінде әкелінетін, әкетілетін және транзиттік карантинге жатқызылған өнімге, көлік құралдарына және тасымалдауға арналған бейімдемелерге (оның ішінде көлік құралдарының кабиналарына, салондарына, багаж және жүк бөлімшелеріне, контейнерлерге), жеке тұлғалардың қол жүгі мен багажына бастапқы карантиндік фитосанитариялық бақылауды және қадағалауды, қажет болған кезде үлгілерді іріктей отырып, оған карантиндік фитосанитариялық сараптама және зертханалық сараптама жүргізеді, карантиндік фитосанитариялық бақылау және қадағалау актісін жасайды, ілеспе тауар-көлік құжаттарына мемлекеттік карантиндік фитосанитариялық бақылаудан және қадағалаудан өткені туралы белгіленген үлгідегі тиісті мөртабан басады.

– Заманауи зертханалық құрал-саймандар мен өзге де техникаларға қолжетімділік қандай?

– Анықтау-зерттеу жұмыстары барысында ГИС, яғни электронды акт толтыру жұмыстары қағазбастылықтан арылудың оңтайлы жүйелері қалыптасуда. Картаға түсіру барысында GPS навигаторларды қолдану жүйесі жасақталған. Қазіргі таңда технологияның үздік жетістіктерінің бірі химиялық өңдеу кезіндегі пилотсыз ұшу аппараттарын (дрондар) қолдана бастады.

– 2022 жыл мен 2023 жылдың алғашқы тоқсанының қорытындысына шолу жасап өтсеңіз?

– Өсімдіктер қорғау бөлімі бойынша 2022 жылы облыс аумағында ерекше қауіпті шегіртке зиянкестеріне қарсы 43 792 га алқапта өңдеу жұмыстары жүргізілді. Оның ішінде италиялық пруссқа қарсы 20 782 га, азиялық шегірткеге қарсы 23 010 га өңделді. Авиатехника арқылы 31 167 га, жер үсті бүріккіштермен 12 625 га аумақта жүргізілді. Химиялық өңдеу жұмыстарына 2 ұшақ, 4 аса жеңіл авиация (СЛА) және 15 жер үсті вентиляторлық бүріккіштер қолданылды. Саяқ шегірткеге қарсы 20 477 га химиялық өңдеу жұмыстары жүргізілді. Авиация қолдануымен 11 110 га және 9 367 га жер үсті бүріккіш техникасымен өңделді. 2023 жылы химиялық өңдеу жұмыстарын мамыр айының аяғы маусым айының басында жүргізу жоспарланып отыр. Егер бірінші тоқсан қорытынды-

сына келсек 2022 жылы өсімдіктер карантині саласындағы заңнамалық актілерді бұзған үшін 14 айыппұл салынды. Тиісті карантиндік іс-шаралар жүргізу жөнінде 3 нұсқама берілді.

Экспорт бойынша 84262,953 тонна, 835394 дана өнім шет мемлекеттерге шығарылды. Импорт 130650,289 тонна, 138218 дана, 1583,484 м/куб өнім шет мемлекеттерден Алматы облысына кіргізілді.

Өсімдіктер карантині саласында мемлекеттік қызмет көрсету бойынша барлығы 4829 дана (2489 фитосанитариялық, 2340 карантиндік) сертификаттар берілді.

2023 жылы Алматы облысы бойынша өсімдіктер карантині саласындағы заңнамалық актілерді бұзған үшін 64 айыппұл салынды. Карантиндік іс-шаралар жүргізу жөнінде 2 нұсқама және 2 ұсыным хат берілді.

Өсімдіктер карантині саласында мемлекеттік қызмет көрсету бойынша барлығы 4074 дана, (2584 фитосанитариялық, 1490 карантиндік) сертификаттар берілді

Экспорт бойынша 68801,6 тонна, 700210 дана, 3 м/куб өнім шет мемлекеттерге шығарылды. Импорт 52128,0 тонна, 546325 дана, 2530 м/куб өнім шет мемлекеттерден Алматы облысына кіргізілді. Осы шаралардың барлығы мемлекеттік карантиндік инспекторлардың қадағалауымен, тексеруімен жүзеге асырылады.

– Осы арада Алматы облысында таралған карантиндік зиянкестер мен карантиндік нысандарға қарсы жүргізілген химиялық өңдеу жұмыстарына тоқтала кетсеңіз?

– Олар: оңтүстік америкалық қызанақ күйесі, шығыс жеміс жемірі, калифорниялық қалқаншалы сымыры, қоңыр мәрмәр қандаласы. Карантиндік арашөптер: жатаған у кекіре, жусан жапырақты ойраншөп, арамосояу. Карантиндік ауру – бақ ағаштарының күйігі.

2022 жылы карантиндік нысандарға қарсы жүргізілген химиялық өңдеу жұмыстары 1789,84 га жерге жасалды. Оның ішінде зиянкестер бойынша оңтүстік америкалық қызанақ күйесі 100,8 га, Шығыстың жеміс жемірі 263 га, Калифорниялық қалқаншалы сымыры 521,5 га, Қоңыр мәрмәр қандаласы 0,32 га.

– Сұхбатыңызға рақмет.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,  
«Заң газеті»

## БІР МҮДДЕ

Құқықтық статистика органдары 4 түрлі мемлекеттік қызметті көрсетеді: соттылығының болуы немесе болмауы туралы анықтама, Әкімшілік құқықбұзушылық туралы анықтама, мұрағат анықтамасы және прокуратура органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою.

Көрсетілген мемлекеттік қызметтердің 3 түріне www.egov.kz «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы тапсырыс беруге болады, яғни онлайн, үйден шықпай-ақ, «Электрондық үкімет» порталының мобильдік азаматтар базасында тіркеле отырып, тек электронды-сандық қолтаңба ғана бола алады.

Мысалы, соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтама беруді «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының (ХҚКО) филиалына бармай, яғни бір реттік SMS пароль сервисі арқылы, Telegram-бот мессенджеріне EgovKzBot, «Электрондық үкімет»

# МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕРДІ АЛУ ПРОЦЕДУРАСЫНДАҒЫ ОҢ ӨЗГЕРІСТЕР

(Mgov) порталының мобильді нұсқасын іске қосып тапсырыс беруге болады.

Бұл қызметтер үшінші тұлғаларға «Жеке кабинет» және sms-растуа арқылы оған қатысты мәліметтер сұратылатын тұлғаның келісімі шартымен «электрондық үкімет» порталы арқылы электрондық нысанда ғана көрсетіледі.

Сонымен қатар, бұл жерде еңбек заңнамасына сәйкес білім беру, спорт және т.б. салаларында кәмететке толмағандардың қатысуымен жұмысқа орналасуға бұрын қылмыстық жауапкершілікке тартылған адамдарға шектеу қойылғанын ескеру қажет.

Осыған байланысты, осы салалардағы жұмыс берушілер адамды қылмыстық жауапкершілікке тарту фактісін тексеру үшін белгіленген тәртіппен арнайы талаптар жіберуге тиіс.

Сотталғандығы немесе сотталмағандығы туралы анықтама қағаз түрінде «Фирмалық бланк» деп аталатын қатаң есептілік бланкісін-

де мемлекеттік корпорацияның филиалдары арқылы шетелге шыққан кезде ғана беріледі.

Сондай-ақ, азаматтар шетелге шығу үшін соттылығының болуы немесе болмауы туралы анықтамаға электрондық сұрау сала алады, мемлекеттік корпорацияның қағаз түрінде жауап алғысы келетін филиалының мекенжайын таңдау арқылы.

Бұрын сұрау салуды міндетті түрде мемлекеттік корпорацияға бару арқылы қағаз нұсқасында ғана жіберуге болатын.

Соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтамалар Қылмыстық кодекстің 79, 89-баптарының тәртібінде соттылықтың өтелуін ескере отырып беріледі, яғни, оларға қатысты қылмыстық қудалау тоқтатылған немесе соттылығы жойылған немесе алынған азаматтар «соттылығы жоқ» деген жазуы бар тама анықтамалар алады.

«Прокуратура органдарынан, тергеу және

анықтау органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою» мемлекеттік қызметі автоматтандырылмаған, мемлекеттік корпорация арқылы қағаз нысанда 5 жұмыс күніне дейін көрсетіледі.

Барлық қызметтер тегін болып табылады, апостильден басқа, оны көрсету үшін 0,5 АЕК көлемінде мемлекеттік баж алынады.

Барлық көрсетілген мемлекеттік қызметтер бойынша қызмет беруші ҚР Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті және оның аумақтық басқармалары болып табылады.

Алиби АБИТАЛИПОВ,  
ҚР Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Алматы қаласы бойынша басқармасы қылмыстық саладағы ақпаратты қалыптастыру бөлімінің прокуроры

## МЫҚТЫЛАРДЫҢ ІЗІ ҚАЛҒАН ҚАРА ШАҢЫРАҚ

Сот билігі – еліміздегі басқа билік салаларынан дара, өз қызметінде тәуелсіз әрі кесімді шешім айтатын ерекше орган. Міне, сондай ерекше органның бірі де бірегейі бола білген Маңғыстау облыстық соты жарты ғасырдан бері үздіксіз қызмет етіп келеді. Сот төрелігін жүргізуде ең бірінші сот шешімдерінің жеделдігін арттырып, сот істерінің созбалаңға салынуына жол бермей, халықтың сотқа қолжетімділігі мен ашықтығын қамтамасыз етіп келе жатқан облыстық сот биыл 50 жылдығын тойлауда.



Мұрат ӘУБЕКІРОВ, Маңғыстау облыстық сотының судьясы

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында облыстық сотқа төрағалық еткен Қуанышбай Мәмбетов «өз мектебінен» талай шәкірт тәрбиелеп шығарды. Олардың ішінде бірқатары республика көлемінде үлкен қызметтердің тізгінін ұстады. Сот-құқықтық реформалардың қарқынды жүзеге асырылуына тікелей атсалысып келе жатқан Маңғыстау облыстық соты әлі күнге дейін талай тұлғаға шеберлік мектебі болғанын атап кету керек.

Әр жылдары Маңғыстау облыстық сотын басқарған Мұхтар Смағұлов, Сәкен Абдолла, Досжан Әмір, алқа төрағасы қызметтерін атқарған Марат Сабирбаев (отставкада), Нұрсерік Шәріпов, Қамбар Нұрышев, Марғұлан Бектурғановтардың әрқайсысы кезінде түрлі соттардың төрағасы қызметін мінсіз атқарды, бүгінде Жоғарғы Соттың судьясы қызметінде. Маңғыстаулық судьялар қауымдастығына жол көрсетіп, басшылық етіп отырған қазіргі төраға Бек Әметұлы да жұмыстың жүйелі жүруіне, істердің

сапалы қаралуына, заманауи технологияларды дендеп енгізуге мұрындық болып отыр.

Дәл осындай азаматтармен иық тірестіре қызмет етіп, үлкен тәжірибе жинаған жас судьяларымыз да қызметте өсіп, абырой биігіне көтерілуде. Мықтылардың із қалған кара шаңырақ әлі де талай мықтыларды шығаратыны сөзсіз.

Мен де осы үлкен ұжымның бір бөлшегімін. 2003 жылы ішкі істер органдарынан ауысып, алғаш судьялық қызметімді Ақтау қалалық сотында бастадым. 2007–2011 жылдары Маңғыстауда жаңадан құрылған Мұнайлы ауданына сот төрағасы болып тағайындалдым. Жаңадан құрылған соттағы істің қиындығы алғашқы уақытта қатты білінді. Дегенмен, облыстық соттың тарапынан нақты жұмыс жоспары, бағыт-бағдар, кураторлық және кеңес беру қызметі көрсетіліп, жұмыс бір жүйеге қойылған болатын. 2011–2016 жылдары қылмыстық істерді қарайтын Ақтау қалалық сотында төраға болдым. 2014 жылы Ақтау қалалық соты

аудандық және оған теңестірілген соттардың жұмысын үздік ұйымдастыру бойынша республикалық байқауда төрт жүзден аса соттың ішінен үздік үштік қатарына кірді. Бұл жетістік сол кездегі ұжымда белсенді қызмет етіп жүрген Аралбай Нағашыбаев, Сәуле Өмірболатова, Галина Айжарикова, Аида Бұлақбаева сияқты тәжірибелі, білікті, үнемі өзін дамытып отыратын судьялар мен мамандардың еңбегі еді.

Осы ретте 50 жылдық мерейтойын тойлап отырған ұжымды, әріптестерімді, Маңғыстау облыстық сотынан шыққан әрбір замандастарымды атаулы күнмен құттықтап, әділеттің ақ жолында тек қана абыройдың биігінде болуды тілеймін!



Самал ОРАЗҒАЛИЕВА, Шыңғырлау аудандық сотының төрағасы

## АЛҚАБИЛЕРМЕН ҚАРАЛАТЫН ІСТЕР КЕҢЕЙТІЛДІ

Сондай-ақ, Президенттің «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты жолдауында алқабилер сотына баса мән беріп «Қазақстанда алқабилер тек аса ауыр қылмыстар бойынша үкім шығарады. Біз бұл саланы одан әрі дамытып, алқабилердің қарауына берілетін істер санатын кеңейтеміз. Бұл жаңашылдық сот жүйесін демократияландыруға және қоғамның сенімін арттыруға мүмкіндік береді» – деді.

Биылғы жылдың 1 қаңтарынан бастап алқабилердің қарауындағы істер санаты 14-тен 35-ке өсті. 2024 жылдың қаңтарынан бастап алқабилер соты 49 құқық бұзушылық бойынша юрисдикцияға ие болады, оның ішінде 36-сы аса ауыр және 13-і ауыр.

Заң талаптарына сәйкес, қылмыстық сот ісін жүргізуді Қылмыстық процестік кодекстің 14-бөлімінде көзделген қағидаларға сәйкес жүзеге асыру күдіктінің, айыпталушының өз ісін соттың алқабилердің қатысуымен қарауы туралы өтінішхаты бойынша жүргізіледі. Егер іс бойынша бірнеше адам айыпталса, олардың ең болмағанда біреуі қылмыстық істі алқабилердің қатысуымен қарау туралы өтінішхат мәлімдесе, соттың оны алқабилердің қатысуымен қарауы барлық сотталушыларға қатысты осы бөлімде көзделген қағидалар бойынша жүргізіледі.

Алқабилердің қатысуымен сот сотталушының кінәсі немесе кінәсіздігі туралы мәселені алқалы түрде қарайды, бұл ретте оның

қрамына бір кәсіби судья және 10 алқаби кіреді. Алқабилердің міндеті – сотталушының кінәлі немесе кінәсіз екендігі туралы шешім қабылдау. Алқабилердің үкімі негізінде судья айыптау немесе ақтау үкімін шығарады.

Алқабилердің қатысуымен қаралатын істер соттылығын кеңейту дер кезінде қабылданған дұрыс шешім деп білеміз. Алқабилер соты қылмыстық процестегі тараптардың тең құқылығы, жарыспалылығы, судьялардың тәуелсіздігі, кінәсіздік презумпциясы сияқты қағидаларының сақталуының кепілі. Әрбір күдікті, айыпталушы, сотталушы қылмыскер емес екенін түсіну керек. Әрбір адамның қылмыстық қудалау органдарының және соттың заңсыз әрекеттерінен өзінің жеке басы мен беделін қорғау құқығын қамтамасыз ету маңызды. Өйткені, қылмыс жасаған сотталушылардың өздеріне қатысты қылмыстық істі алқабилердің қатысуымен қарау туралы құқығын толық қамтамасыз етуіне зор мүмкіндік берілген.

Ата Заңымызда еліміздің алтын қазынасы – адам және оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары екені айшықталған. Сондықтан жоғарыда сөз болған «Алқабилер туралы» заңдағы өзгерістер әр азаматтың құқығын әділ қорғауды мақсат етеді. Демек, аталмыш заңның қағидаларын түсіндіру, жұртшылыққа дер кезінде жеткізу біздің сот мамандарының басты міндеті.

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

## СОТ БИЛІГІНДЕ СЫБАЙЛАСТЫҚҚА ОРЫН ЖОҚ

Заманмен бірге түрленіп, қайда мол қаражат пайда болса, сол жерге тамыр жайып, бүгінге дейін жойылмай отырған қауіпті қоғамдық дерттің бірі – сыбайлас жемқорлық. Келеңсіз құбылыспен күресу сот, құқық қорғау, мемлекеттік органдардың ғана міндеті емес, әрбір ұлтжанды азаматтың парызы. Жемқорлықты тек мемлекет және құқық қызметкерлерінің күшімен жеңе алмаймыз. Онымен халық болып күрескенде ғана жемқорлықты тоқтатуға болады.

Жемқорлық, әсіресе, мемлекеттік органдарда қауіпті. Мемлекеттік басқару жүйесін бұзады және экономиканың дамуына шектеу қояды. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заң азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, сыбайлас жемқорлық көріністерінен туындайтын қауіп-қатерден ҚР Ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу, анықтау, олардың жолын кесу және ашу, олардың зардаптарын жою және кінәлілерді жауапқа тарту арқылы мемлекетті сыбайлас жемқорлықтан тазартуға бағытталған.

Сот билігіндегі кез келген сыбайластық көрінісі беделді түсіретіні айқын. Осыған байланысты республикамыздың барлық соттары өз жұмысын ұйымдастыру, шешім қабылдау барысында сыбайлас жемқорлық фактілерін болдырмау, онымен күресті күшейтуді ұдайы жүзеге асырып келеді.

Әлемнің сыбайлас жемқорлықпен күрестегі тәжірибесін саралай отырып, ең тиімді әдістерін қолдану біздің еліміз үшін де пайдалы. Сонымен бірге, бірталай мәселені ұдайы назарда ұстау керек.

Біріншіден, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы одан сайын жетілдіріп, ол заңдардың жүзеге асырылуын салалық органдар тарапынан қатаң бақылауға алу.

Екіншіден, жемқорлықпен қазақстандық қоғамның бірігіп күрес жүргізуі, яғни азаматтық қоғам институттарының белсенді жұмысы, сыбайлас жемқорлық фактілері бойынша дерек берген қарапайым азаматтардың заңмен қорғалуы және ынталандырылуы.

Үшіншіден, барлық мемлекеттік қызметшілердің жалақысын тұрғын үй алуына, демалуына, денсаулығын күтуіне, ұрпағын өсіріп, тәрбиелеуіне жеткілікті, оңтайлы өмір сүру деңгейіне жететін етіп көтеру.

Төртіншіден, мемлекеттік сатып алу мен тен-

дер өткізу барысында пайда болатын сыбайлас жемқорлық қатерін жою үшін бұл жұмысты барынша ашық және жария түрде өткізу.

Бесіншіден, тәуелсіз саясаттанушылар пікірінше, жемқорлыққа қарсы күрестің ең тиімді жолы – мемлекеттік аппарат қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету. Әр мемлекеттік органда қатардағы маманнан бастап басшыға дейін әр шенеуніктің жұмысы қоғам мен ақпарат құралдарының назарында болуы тиіс.

Алтыншыдан, мемлекеттік қызметшілерді жұмысқа қабылдау кезінде оларды тамыр-таныстық арқылы емес, білімі мен қабілетіне қарап алу үшін қажетті заңмен бекітілген шаралар қабылдау.

Мемлекет тарапынан судьялардың материалдық қамтамасыз етілуіне барынша көңіл бөлініп, судьялар жалақысы өсіп, судьяларды тұрғын үймен қамтамасыз етілу мәселесі оң шешімін табуда. Мұның барлығы сыбайлас жемқорлық қатерлерінің алдын алуға жағдай жасайтыны сөзсіз.

Қазіргі республикамыздағы сот билігі ашықтығымен белгілі. Сот актілері «Сот кабинетінде» жалпыға қолжетімді етіп орналастырылған. Әрбір азаматтың талап арызын сотқа келмей интернет желісі арқылы беруге толық мүмкіндігі бар. Сонымен қатар, әрбір өңірдің соттарында сыбайлас жемқорлықпен күресті қамтамасыз ететін, алдын алу шараларын жасайтын ішкі қауіпсіздік бөлімі, баспасөз мамандары жұмыс атқарады.

Сыбайлас жемқорлықтың жиі бой көрсететін ең қауіпті түрі – парақорлық. Бірінші кезекте пара берудің себебін, пара алудың жағдайын түп-тамырымен жою үшін қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет. Демек пара беру де, пара алу да пайдалы болмайтындай, үлкен қылмыс ретінде саналатындай қоғамдық сана қалыптастыру қажет. Парақорлық мемлекеттік аппараттың қалыпты қызмет етуіне бөгет болады, билік және басқару органдарының беделіне нұқсан келтіреді. Заңдылық қағидаларын жоққа шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделеріне қысымшылық жасайды.

Парақорлықтың алдын алу, жолын кесу бойынша сот органдарында орасан үлкен жұмыс жүзеге асырылып келеді. Соттар сыбайлас жемқорлықпен байланысты қылмыстар бойынша жаза тағайындау кезінде кінәлі тұлғаларға ауыр жаза тағайындау арқылы бұл дерттің болашақта қайталанбауына өз септіктерін тигізуде.

М.ШАРИПОВ, Түркістан облысы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының төрағасы

## АЗАМАТТАР ЖЕКЕ СОТ ОРЫНДАУШЫЛАРЫН ӨЗДЕРІ ТАНДАЙДЫ



Алжан КАРТАБАЕВ, жеке сот орындаушы

Сот актілерінің дер уақытында орындалмауы ауқымды проблема. Өйткені, орындалмаған сот актілері үшінші биліктің ғана емес, онымен бірге мемлекеттің де беделіне кері әсер етеді. Осы мәселені шешу мақсатында «100 нақты қадам» ұлт жоспарында жеке сот орындаушылар институтын енгізу көзделген болатын. Одан бері де он екі жылдан астам уақыт өтті.

Өткенге көз салсақ, алдымен ҚР «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» заңы қабылданды. Соның негізінде ҚР Жеке сот орындаушыларының республикалық палатасы және әрбір облыста Жеке сот орындаушылардың өңірлік палаталары жұмысқа кірісті. Статистикалық мәліметтер қазіргі таңда елімізде 2300-ге жуық жеке сот орындаушы барын көрсетіп отыр.

Әрбір істің жандануы мамандарға тікелей байланысты. Сондықтан, сот шешімдерінің сапалы әрі уақытылы орындалуын қамтамасыз ету үшін жеке сот орын-

даушылар соттар, құқық қорғау, тіркеу, т.б. органдармен тығыз қарым-қатынаста жұмыс істейді. Жеке сот орындаушылар құзыреті жылдан-жылға кеңейуде. 2016 жылы мемлекеттік сот орындаушылардың орындауына мемлекет мүддесіне қатысты құжаттар ғана қалдырылып, одан өзге барлық қатысты құжаттар жеке сот орындаушыларға берілді. Бүгінде елімізде жеке сот орындаушылар қызметі нық қалыптасты деуге толық негіз бар.

Бізге заңмен берілген құзырет мемлекеттік сот орындаушылармен бірдей. Негізгі айырмашылық – тәуелсіздігімізде. Яғни, мемлекеттік бюджеттен қаржы алмай-ақ, жалақымыз атқарған жұмысымызға сай. Мысалы, жеке сот орындаушысы 60 АЕК дейінгі мүлдікті, ақшалай сипаттағы атқарушылық құжаттарда өндірген сомасының 25 пайызын алады. Ал, 300 АЕК-ке дейін – 20, 1000 АЕК-ке дейінгі сомада 15 пайыз мөлшерінде белгіленген. Салыстырмалы түрде алғанда жеке сот орындаушының еңбек ақысы өндіретін соманың мөлшеріне байланысты 25 пен 3 пайыз аралығын құрайды.

Мұндай жүйе сот орындаушының әрбір құжатты жылдам әрі сапалы орындауын қамтамасыз етеді. Нәтижесінде, атқарушылық өндіріс сапасы мен орындалу көрсеткіші жақсарып, жұртшылықтың жеке сот орындаушыларға ғана емес, соттарға да сенімі нығайды. Жеке сот орындаушылар институты саладағы бәсекелестікті арттырып қана қоймай, әрбір сот орындаушының өз жауапкершілігін

күшейтуге айрықша ықпал етті. Бүгінде халық өз ісінң мамандарын өздері таңдайды.

Қолына заңды күшіне енген сот шешімін алғандар атқару құжатын үйде отырып та электронды қолтаңба арқылы өзі таңдаған жеке сот орындаушыға жібере алады. Бұрынғыдай жеке сот орындаушысын іздеп жүрмейді. Мұндай мүмкіндікті жеке сот орындаушылардың республикалық палатасы іске қосқан «Атқарушылық іс жүргізу органдарының автоматтандырылған ақпараттық жүйесі» арқылы қол жеткізуде.

Сот актілерін орындатуда түрлі кедергілер болатыны жасырын емес. Әсіресе, алимент мәселесінде. Өкінішке қарай, бауыр еті балаларына көмектесуден жалтаратын әкелер саны азаймай отыр. Көбісі жұмыссыз екенін алға тартады. Жұмыспен қамтамасыз ету орталықтарына тіркеліп, олардың табыс табуына қол ұшын беруде біздің көмегімізбен өз кәсібін ашқан борышкерлер де бар. Бірақ, тұрғылықты жерін ауыстырып, жалтарып жүретіндер де жеткілікті. Сот актісін орындағысы келмегендер әкімшілік жазаға, тіпті, қылмыстық жауапкершілікке де тартылады.

Республикалық палата өңірлердің қызметін рейтингтік жүйемен бағалайды. Өткен жылы үздік облыс қатарынан Ақтөбе облысының жеке сот орындаушылары көріне білді. Біздің әріптестер Жеке сот орындаушылардың кәсіби ар-намыс кодексінің ережелерін қатаң сақтайды.

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

# БІЗДІҢ ЗАМАН

**Студенттік шақ – жаңа кезең, жақсы мүмкіндік. Осы кезеңді пайдалы өткізу әркімнің өз қолында. Қазіргі заман – жастардың заманы. Болашақ жастардың қолында, ал сол болашақ жастарды өнер білімге баулитын, кәсіби маман ғып шығаратын – университет.**

Мен әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, география факультетінің кадастр мамандығының 2-курс студентімін. 4 жыл

студенттік өмірдің 2 жылы артта қалды. Дәл осы 2 жыл мен үшін үлкен тәжірибе, өсу, қалыптасу кезеңі болды, себебі, университет

пен мектеп қабырғасының екі түрлі орта екенін түсіндім. Университетте әрбір студент өзін-өзі қалыптастырады, алға сүйрейді, білімге ұмтылады. Осы мүмкіндікті мен барынша тиімді өткізуге тырыстым. Өзімді өзім қанағаттандырдым. Өмір әртүрлі сынақтардан тұрады, біз бір кәсіпті меңгеруге ұмтылған сайын әртүрлі қиындықтар кездеседі. Соны жеңе білгенде ғана адам биікке кө-

теріледі, жақсы маман боп шығады. Өз университетіме айтар алғысым шексіз, бізге осындай дамитын орта мен білікті ұстаздар сыйлаған қарашаңыраққа мың алғыс!

Студент – білім іздеуші. Білім жолында ақыл ойды дамытып, көп ақпаратпен сусындап, көкілегімізді кеңейттік. Үлкен ізденістер мен үздіксіз білім әлі алда. Осы жолда қарашаңырақ білім ордамыздың біз-

ге берері көп деп есептеймін. Біз үйренуден жалықпаймыз. Осы жолда бізді үлкен өмірге бағыттап отырған ұстаздарға да ризалық көңілімізді білдіреміз. Көкірек көзі ояу шәкірттер қатары артсын.

**Ф. АРАПБЕК,  
СТУДЕНТ,  
И. ДЖУМАБЕКОВА,  
ЭДВАЙЗЕР**

## ЖАРНАМА

### ӘРТҮРЛІ

4. «МФО Барс» ЖШС (БСН 191240015877) микроқаржы қызметін жүзеге асыруға берілген лицензиясының қолданылуын тоқтату үшін Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігіне ерікті түрде жүгінетіні туралы хабарлайды. Лицензия нөмірі № 17.21.0012.М., 11.03.2021 ж. берілген. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Шымкент қаласы, Мәделі қожа, 1Г, «ЭСКО» БО, 543 кеңсе. Тел.: +77017647666.

5. Павлодар қалалық сотында ҚР, Павлодар қаласы, Айманов көшесі, 31 үй, 97 пәтер мекенжайында тұратын Жусупова Виктория Александровна Павлодар облысының тумасы, 1974 жылғы 9 желтоқсанда дүниеге келген аз. Долгих Ольга Леонидовна қайтыс болған деп тану туралы арызды бойынша азаматтық іс қозғалды. Долгих Ольга Леонидовна туралы білетін жандардың осы хабарландыру жарияланғаннан кейін үш ай мерзім ішінде ҚР, Павлодар қаласы, генерал Дюсенов көшесі, 80 мекенжайы бойынша Павлодар қалалық сотына хабарласуын сұрайды. Тел.: 87182661356.

10. Алматы облысы Еңбекшіқазақ аудандық соты азаматты қайтыс болды деп тану туралы азаматтық іс қозғады. Арызданушы Шыныбекова Динара Муратбаевна соттан әкесі Шыныбеков Мұратбай Насырұлының қайтыс болды деп тануды сұрайды, себебі, 2015 жылғы 15 ақпаннан бері М.Н. Шыныбековтің тағдыры туралы ештеңе белгісіз, соңғы тұрғылықты жері: Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Өрік ауылы, Самұрық көш., н/ж. 1959 жылы 13 қазанда туған Шыныбеков Мұратбай Насырұлының тұрған жерін білетін тұлғалар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап үш ай ішінде Есік қаласы, Әбдиев көшесі, 194, мекенжайы бойынша Алматы облысы Еңбекшіқазақ аудандық сотына жүгінсін: тел. 87277542660.

27. «Іломбард» ЖШС, БСН 101040013507, басшысы Д.Л. Цой Шымкент қаласы, 18 ықшамаудан, 19 үй, 16 пәтер, мекенжайы бойынша Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігіне микроқаржы қызметін жүзеге асыруға лицензияның қолданылуын тоқтату туралы ерікті өтініш жасағаны туралы хабарлайды.

22.	Есептеме ШОБ кәсіпорындарына арналған ЖҚС ақпараттың мазмұны мен ашылуына қатысты талаптарына сәйкес дайындалды
Атауы	<b>"Almaty Triathlon Federation" Қоғамдық бірлестігі</b> коммерциялық емес
Қызметінің түрі	7
Қызметкерлердің орташа жылдық саны	7
"Заңды мекенжайы, Бизнес сәйкестендіру нөмірі, Жеке сәйкестендіру нөмірі"	Қазақстан Республикасы, Бостандық ауд., Алматы қ., әл-Фараби даңғ., 5 үй, н.п.б., 171040015211

#### БУХГАЛТЕРЛІК БАЛАНС 31 желтоқсан 2022 жылғы жағдай бойынша

Активтер	Жол коды	Есепті кезеңнің соңына	Есепті кезеңнің басына
Активтер			
Ақша қаражаттары және олардың баламалары	01	24 538	69 146
Басқа да қысқа мерзімді дебиторлық берешек	03	49 361	29 909
Қорлар	04	53 030	64 670
Негізгі құралдар (амортизацияны алып тастағанда)	07	21 081	24 828
Материалдық емес активтер (амортизацияны алып тастағанда)	08	377	377
Басқа да активтер	09	454	5 219
Активтердің жиыны (01 жолда 09 жолын сомалары)	10	148 841	194 149
Міндеттеме	12	-	-
Салықтар бойынша міндеттемелер	12	2	1
Өзге міндеттемелер	15	2 574	29 629
Міндеттеме жиыны (11 жолдан 15 жол сомалары)	16	2 576	29 630
Өз капиталы	-	-	-
Бөлінбеген пайда (жабылмаған залал)	19	146 264	164 519
Капитал жиыны	21	146 264	164 519
Капитал жиыны және міндеттемелер (16 жол +21 жол)	23	148 841	194 149

#### 2022 жылға алынған қаражаттың мақсатты пайдалануы туралы есеп

Ұйым	<b>"Almaty Triathlon Federation" Қоғамдық бірлестігі</b> коммерциялық емес
Қызмет түрі	7
Ұйымдық-құқықтық нысаны/ меншік нысаны	Қоғамдық бірлестік
Заңды мекенжайы:	Қазақстан Республикасы, Бостандық ауд., Алматы қ., әл-Фараби даңғ., 5 үй, н.п.б.
БСН:	171 040 015 211

Көрсеткіш атауы	сомасы
Есепті жылдың басына қаражат қалдығы	69 146
Келіп түскен қаражат	
Қайырымдылық көмек	173 768
Ұйымның кәсіпкерлік қызметінен түскен табыстар	3 664
Түскен қаражаттардың барлығы	177 432
Пайдаланылған қаражат	
Мақсатты іс-шараларға жұмсалған шығыстар, оның ішінде оқу-жаттығу жиындары	156 102
спорттық материалдық базаны ұйымдастыру	117 653
спортшыларға демеушілік көмек	7 411
спортшыларға демеушілік көмек	9 251
турнирлерді, спорттық іс-шараларды және чемпионаттарды ұйымдастыру	20 498
Ақпараттық материалдарды дайындау және орналастыру	1 289
Күтіп-ұстауға жұмсалатын шығыстар	65 938
Барлығы пайдаланылған қаражат	222 040
Есепті жылдың соңына қаражат қалдығы	24 538

### ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы  
Тел.: 8(727) 292-43-43,

8 (708) 929-98-74

E-mail:  
zanreklama@mail.ru

zanreklama.kz

### ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73  
www.gazetyisaiity.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru  
Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш.қиылысы, 208 кеңсе.

ЖК «Best Agency», мекенжайы: Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш.қиылысы, 209 кеңсе. Тел/Whatsapp 8 707 280 09 12.

«KAIROС» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пүшкін көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybaeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директор Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында. Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.  
Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ., К.Мұхаметханов көшесі, 23 «А», 104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18, 8(708)4672701

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Өуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынұлы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-07-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@gmail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

ЖК «Сагидиллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8, «Лина» шаштаразы. ardawka\_94@mail.ru, Тел: 87058762218.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Өйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел.: 8 (777) 402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 27-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел.: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

### ТАРАТУ

2. «Eurostar entertainment» ЖШС, БСН 180940010877, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 118, 113 кеңсе, тел.: 87773033333.

3. «Pizza-Mania» ЖШС (БСН 220440015710) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Ғалым Елемесов көшесі, 45 ғимарат, н.п. 96.

11. «Егиз Партнерс» ЖШС, БСН 220840010239 (Қазақстан, Алматы қаласы, Өуезов ауданы, Мамыр-4 ықшамауданы, 313 үй, 9 пәтер, индекс А10Е8Е3), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Орбита-3 ықшамауданы, 19 үй, 59 пәтер. Тел.: 87018031231.

20. «Хайтбой-Транс» ЖШС, БСН/ЖСН 190440011591, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Алматы ауданы, Ш.Құдайбергелінің даңғылы, 17/4 үй, 88 пәтер. Тел. 87052793577.

21. «Abfal» ЖШС, БСН 180640014076, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қостанай облысы, Федоров ауданы, Федоровка ауылы, Фрунзе көшесі, 56 үй, 2 пәтер.

24. «Қамқор Транзит» ЖШС (БСН 110140009297) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Маресьев көшесі, 91 үй, 34 бөлме.

25. «Каз Дала Металл» ЖШС, БСН 220440013576, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Абай даңғылы, 153.

26. «Akbotat Concern» ЖШС (БСН 200940004056) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Райымбек даңғылы, 481В, 124 пәтер (кеңсе).

28. «ШҮКІР Қазақстан» ЖШС, БСН 221040030079, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы обл., Қарасай ауданы, Керметоған ауылы, 6 орам, 213 үй. Тел.: 87770996676, 87009795020.

### МҰРАГЕРЛІК

7. 22.12.2021 ж. қайтыс болған Әбсаттарова Орынқұлдің артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендердің нотариус Ф.А. Шардарбековке келулері сұралады. Мекенжайы: Қызылорда обл., Шиелі ауд., Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, №95 ғимарат. Тел. 87022334499

8. 2.05.2017 ж. қайтыс болған Бәкіров Өуезханның артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ф.А.Шардарбековке келулеріңіз керек. Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, №95 ғимарат. Тел.87022334499.

12. 22.11.2022 ж. қайтыс болған аз. Қожабеков Қалдыбай Әбділдаұлына қатысты мұрагерлік іс ашылуына байланысты мұрагерлерінің және мүдделі тұлғалардың Қызылорда обл., Шиелі ауд., Шиелі кенті, Сейфуллин көшесі, н/ж, «Шаңырақ» сауда орталығы мекенжайы бойынша орналасқан жеке нотариус А.Есимхановқа хабарласуы қажет. Тел.87014743502.

13. 16.04.2023 жылы қайтыс болған аз. Аманов Нартай Амзеевичке қатысты мұрагерлік істің ашылуына байланысты мұрагерлерінің және мүдделі тұлғалардың Түркістан облысы, Сауран ауданы, Шорнақ ауылы, С.Тоймаханов көшесі, 19 үй мекенжайы бойынша орналасқан жеке нотариус Молдалиева Ақтолқын Кошкарбаеваға хабарласуы керек. Тел. 87771152555.

14. 21.03.2022 ж. қайтыс болған Мақұлбеков Әбділда Кемелбекұлының артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендердің нотариус Ф.А. Шардарбековке келулері сұралады. Мекенжайы: Қызылорда обл., Шиелі ауд., Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, №95 ғимарат. Тел. 87022334499.

17. Алматы қаласы нотариусы Жарасбаева Альмира Маулетхановна 2022 жылдың 16 қарашасында қайтыс болған, Алматы қаласы, Алатау ауданы, Ақкент ықшамауданы, 43 үй, 16 пәтер мекенжайы бойынша тұрғылықты тұрған азамат Ражіл Бақуанның өлімінен кейін қалған оған тиесілі болған барлық мүлікке және мүліктік емес құқықтарға қатысты заң бойынша мұра ашылғанын хабарлайды. Барлық мұрагерлердің мына мекенжайға келуі сұралады: Алматы қаласы, Нұркент ықшамауданы, 5/24 үй, 10/1 кеңсе, тел. 87054441678.

КІЕ

## ҰЛТ ҰЙЫТҚЫСЫ

Тіл мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі. Тәуелсіз Қазақстанның мақсат мұраты да мемлекеттік тілмен тікелей байланысты. Тіл – ұлт ұйтқысы, ұлт мақтанышы, ұлт мерейі.

Қазіргі таңда ғылым мен білімнің, руханият пен экономиканың, заң мен құқықтың тілі де осы мемлекеттік тілдің мәртебесіне қатысты. Қоғам бүгінгі таңда ана тілінің орнын айшықтады. Мемлекеттік қызмет пен басқарушы билік халықтың ажырамас бөлігі десек, ал ол сол жергілікті халықтың ана тілі қай мемлекетте, қай кеңістікте болсын қадірлі, құрметті, қастерлі. Бұл тұрғыда қазақ тілінің мәртебесі жоғары. Елдегі барлық сала мемлекеттік тілде сөйлейді, іс-қағаздарымен, құжат айналымдары әлдеқашан мемлекеттік тілге көшкен. Сот процестері де талап берушінің тілек-талабына орай қалаған тілінде жүреді. Тәуелсіздік ресми органдарға көп еркіндік пен азаттық әкелді. Отыз жылда барлық сала «ҚР Тіл туралы» заңына сай жұмыс істеп, жергілікті тұрғындардың тілге деген қызығушылығы мен үйренуге, білуге деген ынтасы артты. Бүгін де осы ізденістер өз нәтижесін бере бастады. Қазақстандық сот жүйесі тек қана мемлекеттік тілде сөйлеп қойған жоқ, осымен қатар өзінің бүкіл құрылымы мен жұмыс істеу режимін бейімдеді. Қазіргі таңда сот жүйесіне енген ақпараттық технологиялар да мемлекеттік тілде «сөйледі». Қарапайым әрбір азамат соттан мемлекеттік

тілде ақпарат алып, мемлекеттік тілде арыз-шағымдарын жолдай алады. Онлайн кеңес, шақыртулар мен ескертулердің бәрі қазақ тілінде жолданады.

Тіл қолданыста, сұраныста болуымен өміршең. Қарапайым халықтың басым бөлігі сөйлеген тіл ешқашан жойылып кетпейді, керісінше қажеттілігін арттыра береді. Тіл қай кезде де ұлттың ұйытқысы. Осы ретте, Қазақстанды мекендейтін барлық ұлттар мен ұлыстардың татулықта бірлікте отыруы да қазақ халқының кеңдік, толеранттығының арқасы. Тіл ұлттардың басын тоғыстырады. Қазақстанда мемлекеттік тілге арналған бағдарлама, жобаларға өзге ұлттар жауапкершілікпен, құрметпен қарайды. Мемлекеттік тіл осы Отанды мекендеуші барлығымызға қажет. Оның мәртебесі биік болған сайын пәрмені де артады. Қажеттілік туған жерде қолданыс та артады. Мемлекеттік ұстаным бүгінгі таңда қазақ тіліне деген қажеттілікті туғызды. Арнайы бағдарламалар мен тілдік қолдану, қолдаулар мемлекеттік тілдің беделін алдағы уақытта да нығайта береді.

**Э.АСУБАЕВА,**  
Алакөл аудандық сотының  
төрағасы,  
ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ

МЕРЕЙ

## ҚҰЖАТТАРДЫ ҚАЗАҚША СӨЙЛЕТУ МІНДЕТ

Тілді өркендету баршаның ісі. Ол қарым-қатынас құралы ғана емес, ұлтымыздың биік тұғыры. Бұл ретте біздің мемлекетіміздің тілге деген жанашырлығы басым. Тілді дамыту арқылы ұлттың мерейі өседі.

Осы ретте, бүгінгі таңда қоғамда, мемлекеттік қолдау мүмкіндігі жоғары салаларда қазақ тілінің қолданыс аясы едәуір кеңейіп келе жатыр. Бұл мәселеде жастардың белсенділігі жоғары. Жастарға баса назар аудару арқылы тіл саясатын жүргізу мол жемісін береді.

Мемлекеттік тіл Қазақстанның тәуелсіз мемлекет екендігін айқындайтын негізгі конституциялық құқық белгілерінің бірі. Еліміз егемендік алғалы ана тіліміз мемлекеттік мәртебеге ие болды. Мемлекеттік тіл еліміздің барлық аумағында қолданыс үрдісінде кеңейді. Мысалы, мемлекеттік басқару, сот ісін жүргізу, заң шығару, іс қағазын жүргізу салаларында кең өріс алып келеді.

ҚР Жоғарғы Соты төрағасының 2009 жылдың 27 ақпанындағы «Іс қағаздарын мемлекеттік тілге көшіру туралы» №36 өкімі республикамыздың барлық сот жүйесінің бағдаршамына айналған десек қателеспейміз. Ақтөбе қала-

сының мамандандырылған әкімшілік сотында сот тәжірибесінің талдаулары, жедел кеңес және семинар сабақ хаттамалары, жоғарғы сатыдағы соттармен және басқа да мемлекеттік мекемелермен хат алмасу мемлекеттік тілде жүргізіледі.

Еліміздегі әр ұлт, әр азамат, мемлекеттік тілді құрметтеуі тиіс. Мемлекеттік тілде іс жүргізіп, бірінші заң орны, соның ішінде сот жүргізу ісі үлгі болу қажет. Әрбір қазақтың ана тілін білуі – парыз, білмегені – ұят. Мемлекеттік тілдің мәртебесі арқылы халықтың сотқа деген сенімі, сот билігінің беделі артады. Сот жүйесінде қазақ тілінің орны өте жоғары.

**Б.ОМАРОВ,**  
Ақтөбе қаласының әкімшілік  
құқық бұзушылықтар  
жөніндегі ауданаралық  
сотының судьясы

ҚАЗЫНА

## ТАТУЛЫҚ ТІРЕГІ

Еліміз тәуелсіздік алғалы бері қазақ тіліміз мемлекеттік мәртебеге ие болды. Осының арқасында қазақ тілі дамып, оның қоғамдық маңыздылығы арта түсті. Тіл – бабаларымыздың ұрпаққа қалдырған мұрасы, аманаты, бүгінгі күннің мерейі, ертеңгі күннің кепілі. Өз ана тіліміздің мерейін көтеру, өз тілімізде дұрыс сөйлей білу әрбір қазақ баласының басты міндеті.

Қазақстанда мемлекеттік тіл қазақ тілін дамыту, оның қолдану аясын кеңейту, дамуы мен жетілуіне жан-жақты қамқорлық жасау бүгінгі күн тәртібінен түспейтін маңызды мәселелердің бірі. Осындай мемлекеттік маңызды мәселені жүзеге асыру үшін арнайы қабылдаған бағдарлама мен іс-шараларды тұрақты түрде жүргізу, күнделікті жұмыс барысында мемлекеттік тіліміздің мәртебесін көтеру бәрімізге ортақ міндет. Мемлекеттік тіл саясаты – мемлекеттік саясаттың құрамдас бөлігі. Жалпы, сот бойынша іс-қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізу көрсеткішіне кіріс құжаттарының үлесі әсер етеді. Себебі, кез келген істің қай тілде қаралып, тергелуі тікелей шағымданушыға байланысты. Ол тапсырған арыз тілі – іс жүргізу тілі.

Мемлекеттік тіліміздің мәртебесін көтеру бәріміздің азаматтық борышымыз.

**Игорь ДИДАРХАНОВ,**  
Атырау қалалық сотының жетекші маманы

МӘРТЕБЕ

Қазақтың тілі – қазақтың жаны! Халқымыздың тарихы да, тағдыры да – тілінде. Мәдениеті мен әдебиеті, діні де тілінде. В.Радлов айтқандай, қазақ тілі ең таза әрі бай тілдің бірі. Тіл өткен тарихты ғана емес, бүгін мен болашақты байланыстыратын құрал.

## ТАРИХ ПЕН ТАҒДЫРДЫҢ ТОҒЫСЫ

Тілге деген анаға деген құрмет туралы қанша айтсақ та аз болмайды. Ана тілімен сусындап өскен ұрпақтың елдің қамын ойлар азамат болары айдан анық. Отанға деген сүйіспеншілігі басым жеткіншек өз елінің нағыз патриоты болып өсері бесенеден белгілі. Отбасында ата-анасы ана тілінде сөйлесе, ол балаларына тәрбие, әрі үлгі-өнеге. Әрине көбіне кейбір ата-аналар балаларын ана тілімен сусындатудың орнына орыс тілінде сөйлеседі. Мерзімді басылымдарда өзге



ұлт өкілдерінің қазақ тілін меңгергендігі туралы көп жазылуда. Оқыған кезде олар үшін қуанамыз. Ал қазақ бола тұра, қазақ тілін білмейтіндерге осы бағытта жұмыстансақ құба-құл болар еді. Ешкімде біліп тұмайды. Бастысы білсем, үйренсем деген ниет. Ниет болса, талпыныс пен жігер және қызығушылық туады.

«Көш жүре түзеледі» дейді байырғының қарттары. Ал қартын сыйлаған, салтын сыйлайды.

Тіл адам баласының байлығы құралы. «Ауруын жасырған

өледі» дейді дана халқымыз. Бүгінгі күні ана тілін білмейтін қазақ баласының жүргенін көргенде іштей ойға шомасың. Амал не? Қазақ тілі бай тіл екенін өзге ұлт ғалымдары әлдеқашан дәлелдеген. Қазақтың бір сөзінің бірнеше баламасы бар. Осындай шұрайлы тіліміз біздің бар байлығымыз екенін мақтанышпен айтып жүрсек бізді қолдаушылар көп болады. Қолдаушымыз көп болса, ана тілімізге деген құрмет те артады.

**Ш.ТҰҢҒАТАРОВА,**  
Батыс Қазақстан облысы  
Қылмыстық істер жөніндегі  
мамандандырылған  
ауданаралық соты  
кеңсесінің меңгерушісі

АСЫЛ МҰРА

## АНА ТІЛІМ – АРДАҚТЫМ

Тіл – қай ұлтта, қай елде болса да қастерлі, құдіретті. Ол әрбір адамда ана сүтімен бірге қалыптасады. Тіл – әр елдің ұлттық мақтанышы.

Ол атадан балаға мирас болып қалып отыратын баға жетпес мұра. Демек, әр адам ана тілін көзінің қарашығындай қорғауға, оның орынсыз шұбарлануына қарсы тұруы тиіс.

Тіл – ұлттың жаны. Ал ұлттың болашағы – оның ана тілі. Тіл халықпен бірге өмір сүріп дамиды, әр ұлттың тілі оның бақыты мен тірегі.

Мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында, қоғамдық қатынастардың барлық салаларында қолданылатын тіл болғандықтан, жүргізілетін барлық іс-қағаздары мен құжаттар мемлекеттік тілде болуы тиіс. Өйткені, өркениетке құлаш ұратын елдің өрісі

қашанда білікті де, саналы ұрпақпен кеңейме. Әлемдегі мүйізі қарағайдай елдердің санатына енді көздеген халықтың басты мақсаты да сауатты ұрпақ тәрбиелеу. Сауатты ұрпақ тәрбиелеу дегеніміз, өз ана тілінде еркін сөйлей алатын, оны терен меңгерген ұрпақ. Ал ана тілін жақсы білмейінше сауатты сөйлеп, сауатты жазып, тіл байлығын мол қолданбайынша, шын мәніндегі мәдениетті адам бола алмайсың.

Тіл тағдыры – ел тағдыры екенін ешуақытта ұмытпайық.

**Бота МУСТАФИНА,**  
БҚО Қылмыстық істер жөніндегі  
мамандандырылған ауданаралық  
сотының бас маманы

КӨКЖИЕК

## ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР БАСПАЛДАҒЫ

Тіл әрбір азаматқа ана сүтімен беріліп қалыптасады. Ана сүтімен бойға сіңген қасиеттер туған тілдің арқасында дамиды. Туған тілге деген құрмет пен сүйіспеншілік бала кезден басталуы керек. Айналада адамдарға, өзіңнің өскен ортаңа, Отанға деген ерекше сезім мен көзқарас та туған тілдің білуден басталады.

Қазақ тілі – халқымыздың рухани байлығы, атадан балаға, ұрпақтан ұрпаққа мирас болып қалып отырған баға жетпес асыл мұра. Ана тілдің қасиеті туралы қанша айтсақ та таусылмайды. Азаматтың қолындағы барлық асыл заттары тозады, жоғалады, ал тіл тозбайтын ең қымбат мұралардың бірі. Қазақтың біртуар ақыны М.Жұмабаев: «Ұлтқа тілінен қымбат нәрсе болмақ емес, бір ұлттың тілінде сол ұлттың сыры, тарихы, тұрмыс тіршілігі, мінезі айқын көрініп тұрады» деген. Тіл байлығы әрбір ұлттың мақтанышы. Әр азамат өзінің ана тіліне, көзінің қарашығындай қарауы және ана тілінің орынсыз шұбарлануына жол бермеуі тиіс. «Ұлтты ұлт ететін – сол ұлт-

тың тілі» деген ғалым Л.Гумилевтің пікірінше, тілдің мерейін көтеруге зиялы қауым, соның ішінде мемлекеттік қызметшілер жауапты. Ана тілімізді дамытуға әрбір мемлекеттік қызметкер өз ісімен, сөзімен жеке үлгі көрсетуі тиіс болса, ал ресми шаралардың барлығы мемлекеттік тілде жүргізіліп, тілге деген қызығушылықты арттыруға қоғамның өзі мүдделі болуы шарт.

Сонымен қатар, әрбір мемлекеттік қызметші Қазақстанның толыққанды азаматы болғандықтан, өз қызметінде Тілдерді қолдану мен дамытудың құқықтық негіздерін басшылыққа алуға міндетті. Қазақстан мемлекетін айқындайтын негізгі фактор – қазақ тілі, сондықтан мемлекеттік қызметшіге қойылатын міндеттердің бірі көпшілік алдында сөйлеу барысында, қызмет бабында қазақ тіліне басымдық беру. Осы орайда Бауыржан Момышұлының «Анамыздың ақ сүтімен бойымызға дарыған тілімізді ұмыту – бүкіл ата-бабамызды, тарихымызды ұмыту» деген сөзін әрбір қазақ ұғынса, біздің тіліміз



**Ақмарал АБИРОВА,**  
Ақмола облысы Қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының бас маманы-сот отырысының хатшысы

тиісті дәрежесіне жететіні анық.

Мемлекеттік тілді еркін меңгерген, елдің тарихын, салтын, дәстүрін жақсы білетін, Қазақстанды Отаным деп санайтын азамат, шыққан тегі қай ұлт екеніне қарамастан кез келген лауазымды қызметке көтеріле алады. Сондықтан, мемлекеттік тілді өз дәрежесінде меңгеру әр қазақстандық үшін Конституция белгілеген міндет қана емес, қызмет баспалдағымен көтерілуге жол ашатын мүмкіндік те. Яғни, мемлекеттік қызмет істейтін әр азамат мемлекеттік тілді білуге ынталы және мүдделі болуы тиіс.

## ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор  
**Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ**

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**  
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**

Нөмірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:  
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»  
ЖАУАПҚЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана	Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы	Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы	Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Атырау облысы	Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы	Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы	Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы	Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59.
	Шадияр Мекенбайұлы 87757335665
Батыс Қазақстан облысы	Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,  
Х.Досмұхамедұлы көшесі  
68 «б»-үй.  
Қабылдау бөлмесі:  
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

E-mail: [zanreklamaastana@mail.ru](mailto:zanreklamaastana@mail.ru)

«Заң газеті» аптасына 2 рет –  
сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.  
Жеке таралым **5610** дана  
Апталық таралым **11 220** дана

Тапсырыс №65 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын [ANMEDIA.KZ](http://ANMEDIA.KZ) сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талал-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы №16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс: 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31